



МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАЗЫҒЫ – ҒЫЛЫМ, ҚАЗЫНАСЫ – ҒАЛЫМ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғалымдарды марапаттау рәсіміне қатысып, сөз сөйледі.

– Ең алдымен, Ғылым қызметкерлері күні баршаныңа құтты болсын деймін. Осы белгілі мереке қарсаңында Ақордаға жиналып, бас қосу жақсы дәстүрге айналды. Бұл – еліміздің ғалымдар қауымына деген ерекше құрметі және айрықша ықыласының көрінісі. Себебі кез келген дамыған, яғни, озық мемлекеттің қазығы – ғылым, ал қазынасы – ғалым.

Әр елдің ғылыми әлеуеті – оның абырой-беделі мен күш-қуатының өлшемі десек, қате болмайды. Ғылымға басымдық беретін, ғалымды қадірлейтін, басқаша айтсақ, «ғылым-білім бар жұрттар» ғана өркениеттің өріне шығады. Бұл – ақиқат. Түптеп келгенде, адамзаттың барлық жетістігі ғалымдардың зияткерлік еңбегінің жемісі екені сөзсіз.

Қазір осы залда түрлі салада зор табысқа жеткен зерделі зерттеушілеріміз отыр. Сіздер ұлт сапасын арттыруға, халықтың әл-ауқатын жақсартуға мол үлес қосып келесіздер. Баршаныңа шынайы ризашылығымды білдіремін.

Хакім Абай айтып өткендей, «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ». Бұл – ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын тағылым. Біз бәсекеге қабілетті ел боламыз десек, ең алдымен, ғылымды дамытып, жаңа технологияны, жасанды интеллектті меңгеруіміз керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы бұл тұста осы жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялағанын еске салды. Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымға бет бұру – өсіп-өркендеуге ұмтылған әрбір елдің тарихи міндеті екенін және біз мұны жақсы түсінетінімізді айтты.

– Мемлекет ғылым саласына үнемі қолдау көрсетуде. Кейінгі 5 жылда осы салаға бөлінетін қаржы көлемі 6 еседен асты. Қазақстанда зерттеу университеттерінің саны көбеюде. Ғылыми

жобаларға инвестиция салатын бизнес өкілдеріне салық жеңілдігі берілетін болды.

Алдымызда тағы бір маңызды міндет тұр. Біз жас ғалымдар ғылыммен алаңсыз айналысуы үшін қолайлы жағдай жасауымыз қажет. Өйткені қазақ ғылымының болашағы – көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр және мақсаты биік жастардың қолында. Талапты әрі талантты азаматтар келешекте ұлттың шамшырағына айналады. Олар Қаныш Сәтбаев сияқты алып тұлғалардың жолын жалғайды. Сондықтан жас зерттеушілерге қамқор болуымыз керек. Бұл бағытта нақты бастамалар жүзеге асырылып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, қазір 600-ден астам жас ғалымға баспана берілген. Бұдан бөлек, оларға арнаулы гранттар бөлінуде. Жыл сайын жас зерттеушілер әлемнің жетекші ғылыми орталықтарына барып, тәжірибе жинап, тағылым алып жүр. Осындай нақты шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.

– Ғылымды қолдау, ғалымдарға ел болып құрмет көрсету, бұл – ең алдымен қоғамда еңбеккерлік, білімпаздық, жасампаздық құндылықтарын орнықтыру деген сөз. Халқымыздың ойы озық болса, өскелең ұрпақтың да ғылым-білімге деген ықыласы айрықша болары анық. Зерделі әрі зияткер ұрпақ тәрбиелеу – баршаға ортақ парыз. Оған мемлекет те, ата-аналар да бірдей жауапты.

Мен былтыр «Келешек» бірыңғай жинақтау жүйесін құру туралы тиісті заңға қол қойдым. Бұл жүйе арқылы ата-аналар баласының болашақта сапалы білім алуына қаражат жинай алады. Қазірдің өзінде 200 мыңға жуық азамат арнайы есепшот ашты. Мұны болашақта салынған ең ұтымды инвестиция деуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҒЫЛЫМ ҚОҒАМ СҰРАНЫСЫН АҚТАУЫ ҚАЖЕТ

Осы тұста Мемлекет басшысы тағы бір мәселені атады – ғылымның әлеуетін ел игілігіне жарата білу қажет. Ғалымдарымыз ашқан жаңалықтар зертханалар аясында қалып қоймауы керек. Нақты нәтиже беретін, өндіріске енгізуге болатын жобаларды жүзеге асыру қажет. Бір сөзбен, ғылым экономика мен қоғамның сұранысына сай болуға тиіс.

– Бұл мақсат Үкіметтің ұдайы назарында болуы керек, себебі осы міндеттің еліміз үшін мән-мағынасы ерекше. Сонымен қатар, бұл – әлемдегі ең үздік компаниялардың берік ұстанымы, бұлжымас қағидасы. Жаһандық деңгейдегі ірі технологиялық корпорациялар бірінші кезекте білім мен ғылымға басымдық береді, ғылыми жаңалықтарды өндіріске жедел енгізеді. Таланттарды қызметке тарту жағынан да бұл компаниялар көш бастап тұр. Адам капиталы олардың негізгі күш-қуаты саналады. Технология мен инновация – дамудың ең басты әрі баламасыз шарты. Мұны ХХІ ғасырдың үздік компаниялары дәлелдеп отыр.

Біздің еліміз үшін де қолданбалы ғылымды дамыту – аса маңызды міндет. Осы бағыттағы жобалардың саны көбейді. Бұл – өте жақсы үрдіс. Әсіресе, университеттердің технологиялық даму орталығы ретінде қалыптасып жатқанын атап өту қажет. Мысалы, былтыр University Medical Center мекемесіне қарасты Жүрек орталығының дәрігерлері АЛЕМ (Astana Life Ex-situ Machine) деп аталатын инновациялық медициналық құрылғы ойлап тапты. Мұны өткен жылдың ең айтулы ғылыми жаңалығы деп айтуға болады. Осы құрылғы донорлық ағзалардың өміршеңдігін 24 сағаттан астам уақыт сақтауға мүмкіндік береді. Мұндай бірегей жаңалықтар қазақ ғылымының әлеуеті, жалпы еліміздің даму деңгейі жоғары екенін көрсетеді, – деп нақтылады Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, ғылым саласында шешілмеген түйткілдер де аз емес.

– Мен наурыз айында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болғанымды білесіздер. Сол жерде ғалымдармен арнайы кездесіп, біраз мәселеге тоқталдым. Әсіресе, ғылымды қаржыландыру жұмысын ретке келтіріп, қатаң бақылауға алу қажеттігі туралы айттым. Басты мақсат қаржыны игеру емес, қоғамға пайдасы тиетін жобаларды жүзеге асыру болуға тиіс.

(Жалғасы 2-бетте)

1 | МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БҰХАРАҒА БАРДЫ

11 сәуірде Бұхара қаласында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев бейресми кездесу өткізеді.

Мемлекеттер басшылары екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастықты нығайту перспективасын, сондай-ақ өңірлік күн тәртібінің өзекті мәселелерін талқылауды жоспарлап отыр.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕҢЕЙЕ ТҮСПЕК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық даму банкінің басқарма төрағасы Николай Подгузовты қабылдады.

Кездесу барысында Еуразиялық даму банкінің соңғы жиырма жылда атқарған жұмыс нәтижесі және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту перспективасы талқыланды.

Мемлекет басшысы қаржы институтының негізі қаланғанына 20 жыл толуымен құттықтады. Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық даму банкі стратегиялық маңызы бар жобаларды іске асыруда Қазақстанның басты серіктестерінің бірі екеніне назар аударды.

Николай Подгузов Мемлекет басшысына ЕАДБ болжамын таныстырды. Соған сәйкес, биыл еліміздің жалпы ішкі өнімінің өсімі 5,5 пайыздан кем болмайды. Бұған инвестицияның қарқыны, ауқымды инфрақұрылымдық бағдарламалар, сондай-ақ ішкі сұраныс пен әлеуметтік көрсеткіштердің тұрақтылығы есер етеді.

Президентке банктің 2022-2026 жылдар аралығында жүзеге асырған стратегиясы аясында жалпы инвестиция көлемі 9,2 миллиард долларға жеткені жөнінде мәлімет берілді. Қазақстан экономикасына 5,2 миллиард доллар қаржы құйылды. Бұл – банктің өткен 15 жылда салған инвестициясымен пара-пар.

Атап айтқанда, 2,1 миллиард доллар өнеркәсіпті дамытуға, 1 миллиард доллар энергетика саласына, 1 миллиард доллар көлік инфрақұрылымына, 1,1 миллиард доллар қаржы секторына бағытталды. Цифрландыруды дамытуға және жасанды интеллект технологиясын енгізуге айрықша мән беріліп отыр.

Мемлекет басшысы қаржы институты қызмет көрсететін аймақтардың айтарлықтай кеңейгенін атап өтті. Президенттің пікірінше, бұл жаңа бастамаларды іске асырып, өңірлік экономикалық интеграцияны нығайтуға ықпал етеді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Николай Подгузов Қазақстан экономикасын орнықты дамыту мақсатында стратегиялық серіктестік пен инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі арттыруға ниетті екенін растады.

ПРЕЗИДЕНТ БОКСШЫЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы бокстан Қазақстан ұлттық құрамасын Ұлан-Батырда өткен Азия біріншілігінде табысты өнер көрсетуімен құттықтады.

Президент спортшыларымыз жалпы командалық есепте бірінші орынды жеңіп алып, отандық бокс мектебінің жоғары деңгейін көрсеткенін атап өтті.

Құттықтауда Оразбек Асылқұлов, Сабыржан Аққалықов, Нұрбек Оралбай, Айбек Оралбай, Надежда Рябец және Дина Исламбекова секілді спортшылардың жеңіс тұғырына көтеріліп, ортақ жетістікке зор үлес қосқанына назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандық бұлғары қолғап шеберлерінің әлемдік жарыстарда көк байрағымызды биікте желбірете берулеріне тілектестік білдірді.

АҚОРДА

11 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАЗЫҒЫ – ҒЫЛЫМ, ҚАЗЫНАСЫ – ҒАЛЫМ

(Басы 1-бетте)

Білікті инженерлік-техникалық кадрларды даярлауға баса назар аударған жөн. Бұл ретте негізгі жауапкершілік жоғары оқу орындарына жүктеледі. Ұлттың зияткерлік қуаты дәл осы білім ордаларында қалыптасады. Университеттер өз миссиясын адал атқарса, білікті мамандар мен көсібі кадрлардың қатары арта түсері сөзсіз.

Бұдан бөлек, ғылым қалашықтарына және қарқынды дамитын қалаларға жаңа технология енгізуді жолға қоюымыз керек. Қазір Қурчатов қаласына ғылым қалашығы мәртебесін беру үшін нақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Инвесторларды осындай даму орталықтарына қаржы салуға ынталандыру қажет. Бұл да – Үкіметтің өзекті міндеттерінің бірі. Токетерін айтсақ, алда атқаратын шаруа көп. Ширақ қимылдап, тиянақты жұмыс істеуіміз керек. Ғылым саласындағы күрделі мәселелерді мемлекет пен ғылыми қауымдастық күш жұмылдырып, бірлесе шешеді деп ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент бұдан кейін елімізде 15 наурыз күні тарихи мәні зор референдум өткенін айтты. Азаматтардың басым бөлігінің қолдауымен мемлекетіміздің іргесін нығайтатын, елді барлық салада, соның ішінде ғылымда орнықты даму траекториясына шығаратын жаңа Конституция қабылданды.

– Ата заңымыздың преамбуласында алғаш рет мәдениет, білім беру, ғылым және инновация құндылықтары нақты бағдар ретінде белгіленді. Яғни, аталған салаларды жан-жақты қолдауға стратегиялық маңыз берілді. Ең бастысы, бұл бағыттарды дамыту мемлекеттің конституциялық міндетіне айналды.

Орайлы сәтті пайдалана отырып, Конституцияны әзірлеуге және қабылдауға айтарлықтай үлес қосқан барша ғылыми-академиялық қауымдастыққа ризашылығымызды білдіремін.

Өтпелі ережелерге сай, жаңа Ата заң 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді. Сол уақытқа дейін негізгі заңдардың барлығы Конституция нормаларына сәйкестендірілуіне тиіс. Бұл бағытта Парламент ауқымды заң шығару жұмысына кірісті. Депутаттар заң жобаларын мұқият әрі жедел қарастырады деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы еліміз үшін елеулі оқиғалар туралы алдын ала ақпарат беру өте маңызды деп санайтынын жеткізді.

– Конституция күшіне енген сәттен бастап бір палаталы Құрылтай сайлауын өткізу жөніндегі Жарлыққа қол қоямын. Сайлау биыл тамыз айында өтеді. Мұны әдейі ерте айтып отырмын. Өйткені партиялардың жоспарларын айқындап, сайлау науқанына дайындық жүргізуіне жеткілікті уақыты болуы керек. Осылайша, партиялардың сайлаушылармен тиісті жұмыс жүргізуіне бес айға жуық уақыт беріледі.

Құрылтай сайлауы Қазақстанның бүкіл саяси жүйесін жаппай «қайта құруға» жол ашады. Бұл



ретте біз жүзеге асырып жатқан саяси және экономикалық реформалар қоғамдық сананың оң сипатта өзгеруіне әсер етуге тиіс. Мен мұның маңызы жөнінде бірнеше рет айттым, – деді Президент.

ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев осы күрделі үдерісте ғалымдар ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Өйткені олар өркениет құндылықтарын дәріптеп, санаткерлік және моральдық қасиеттерімен көпке үлгі көрсетеді.

– Нағыз ғалымдар ескілік пен қараңғылыққа қарсы күрестің алғы шебінен табылып, ағартушылық пен білім жолында әрдайым топ бастаған. Әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби дәп басып айтқандай, «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Сондықтан гуманизм, әділдік, жауапкершілік құндылықтары салтанат құрып, өскелең ұрпақты адамгершілікке және заңды құрметтеуге тәрбиелегенде ғана шынайы өркендеуге бет аламыз.

Біздің қоғам жақсы мен жаман туралы деструктивті түсініктердің жетегіне ермеуге тиіс, төл болмысымызға жат дүниетанымға көзсіз сенбеуі қажет. Оның салдары ауыр болады. Ынтымақ-бірлігіміз бен тұрақтылығымыздың іргесін шайқап, әлеуметтік және ұлтаралық алауыздықты қоздырғысы келетіндердің әрекетіне заң жүзінде қатаң тосқауыл қойылады. Конституцияда жазылғандай, елімізде заң мен тәртіп үстемдік құруы керек, – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Президенттің сөзінше, ғалымдарымыз үнсіз қалмай, қоғамда, әсіресе, жастар арасында жауапкершілік пен тәртіп қағидаттарын дәріптеуі қажет. Құқықтық нигилизмге жол жоқ. Біздің тандауымыз – заңға бағынатын парасатты қоғам.

– Жақында АҚШ соттарының бірі шығарған шешімге сәйкес, кейбір интернет-платформалардың алгоритмі балаларға зиян келтіріп, психологиялық тұрғыдан тәуелді ететіні мойындалды. Біз

бұдан сабақ алуға тиіспіз. Сондықтан ұрпақ тәрбиесін әлеуметтік желілер мен видеосервистердің бодауына беріп қояға болмайды. Бұл – қосымша зерттеуді қажет етпейтін факт.

Отбасы институты мен білім беру жүйесін нығайту, шын мәнінде, балаларды кітап оқуға баулумен тығыз байланысты. Жалпы, осылай болуы қажет. Қанша жерден пессимистік пікірлер айтылса да, кітап – білім бұлағы әрі тәлімгер ретінде маңызын жоя қойған жоқ. Кітап оқыған сайын танымның тереңдейді. Кітап ақыл-ойды шыңдап, дүниетанымды кеңейтетіні, адамдардың өз қарым-қабілетіне деген сенімін күшейтетіні белгілі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы таяуда еліміз Ұлттық кітап күнін екінші рет атап өтетінін жеткізді. Жұртшылықтың қолдауына ие болған бұл бастама отандық баспа саласының жұмысын жүйелеп, шетелдік авторлардың өзекті, пайдалы көркем шығармаларының аударылуына түрткі болуға тиіс.

– Кітап оқу үрдісі төл дүниетанымымыздың ажырамас бөлігіне, ұлттың озық қасиетіне айналғаны жөн. Ғалымдар бұл іске салмақты үлес қосуға міндетті деп санаймын. Осы тұста мына бір аса маңызды мәселені қайта атап өткім келеді: біз қоғамда заң үстемдігі қағидатын, яғни заңға бағыну мәдениетін түбегейлі орнықтыруымыз қажет. Заң мен тәртіп идеологиясы күнделікті өмірдің барлық саласында қатаң сақталуға тиіс: қоғамдық орындағы жүріс-тұрыс мәдениетінен, оның ішінде жиын-тойлардан, тұрмыстық мәдениеттен бастап, жолда көлік жүргізу мәдениетіне дейін осы мызғымас қағидатқа сай болуы керек.

Мен бұған дейін де өз сөздерімде жол қауіпсіздігі мәселесіне арнайы тоқталдым. Өкінішке қарай, Қазақстанда жыл сайын көлік апатының кесірінен, соның ішінде көп жағдайда жол қозғалысы ережесін өрескел бұзудың салдарынан мыңдаған адам көз жұмады. Бұған жол беруге болмайды.

Бұрын елімізде көлік апатының көптігіне жолдың нашарлығын желеу қылатын. Соңғы бірнеше жылда барлық өңірдегі жол инфрақұрылымын ауқымды түрде жаңғыртуды қолға алдық. Бірақ қайғылы оқиға азаймай тұр. Демек, бұл жағдайға Үкімет пен қоғам жігі назар аударуы керек. Азаматтар бекітілген ережелердің бәрін мүлтіксіз сақтайтын көлік жүргізу мәдениетін қалыптастырған дұрыс, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев полицейлермен тәжікелесу, тіпті оларға шабуыл жасау фактілерін тыю қажет екені баса айтты. Мұндай жағдайларға, сондай-ақ құқықтық нигилизм дертіне шалдыққан адамдарды, басқаша айтқанда, сотқарлар мен бұзақыларды «қаһарман» жасауға заң аясында қатаң шара қолдану керек.

– Біз өркениетті ұлт болғымыз келсе, полицейлердің, дәрігерлердің, мұғалімдер мен қызмет көрсету саласы мамандарының, жалпы, адал әрі заңға бағынатын азаматтардың ар-намысына тиетін кез келген әрекетке батыл түрде тосқауыл қоюымыз қажет. Қоғамда тазалықты сақтау, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін орнықтырудың мән-маңызы зор. Осы ретте «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасын айрықша атап өткен жөн. Бұл бастама қала мен ауылды абаттандыру жұмысымен шектелмейді. Оның түпкі мәні – қоғамдық сананы жаңғырту. Сол арқылы азаматтарымызды қастерлі Отанымыз – Қазақстанның тағдырына бейжай қарамай, болашақтың іргесін бірге қалауға шақыру.

Жауапкершілік, әділдік, өзара құрмет бар жерде ғана өсіп-өркендеуге, дамуға жол ашылады. Бұл – өркениетті мемлекеттер мен халықтардың барлығына ортақ ұстаным. Осы құндылықтар жана Халық Конституциясына арқау болып отыр. Біз дамудың даңғыл жолына түсіп, жаһандық бәсекеге қабілетті елге айналдық. Нақты жетістіктеріміз бар. Бұл – ең алдымен, сапалы адам капиталы, – деді Мемлекет басшысы.

ДАНЫШПАН БАБАЛАРДЫҢ МҰРАСЫ МОЛ

Президент біз зияткерлік мұрамызды мақтан тұтатынымызды еске салды. Әл-Фараби, Ахмет Ясауи, Абай сынды ғұламаларымыз соңына сарқылмас рухани қазына қалдырды. Олардың еңбектері әлемдік ақыл-ойдың алтын қорына кіреді.

– Данышпан бабаларымыздың баға жетпес туындыларын заман талабына сай кәдеге жарата білуіміз керек. Ойшылдарымыз бен ғалымдарымыздың мұрасын терең танып, кенінен дәріптеп, барынша дамытқан жөн. Ұлы тұлғаларды ұлықтау жұмысына тың серпін беру аса маңызды.

Түркістан төрінде «Қожа Ахмет Ясауи» ордені туралы көтерген бастаманың мәні де – осында. Сондай-ақ былтыр Ясауи ілімін зерделеуге арналған халықаралық симпозиум өтті. Жалпы, бәріміз әйгілі Қожа Ахмет Ясауиді бірегей ғұлама ғалым әрі өркениеттанушы ретінде еліміздің әрбір аймағында және шетелде де кенінен дәріптеуіміз керек. Сонымен бірге оның құндылығы аса зор бай мұрасын өзіміз де барлық тұрғыдан жан-жақты зерттеуіміз қажет. Осы өнегелі дәстүр биыл әл-Фараби форумына ұласады. Мұндай тағылымы мол, ғылыми мәні зор басқосулар жыл сайын өткізіліп тұрады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты жиында Мемлекет басшысы тағы бір жақсы жаңалықты жариялады.

– Қазақ даласы көптеген кеменгер тұлғалардың мекені болғанын білесіздер. Соның ішінде әлемге әйгілі ойшыл әл-Фарабидің орны ерекше. Оның мұрасы – бүкіл адамзаттың асыл қазынасы, өркениет ойының шыңы. Осыған орай, мен жоғары мемлекеттік марапаттар тізіміне арнайы «Әл-Фараби» орденін енгізу қажет деп санаймын. Бұл марапат білім мен ғылым, мәдениет пен руханият саласында зор табысқа жеткен азаматтарға беріледі. «Мейірім», «Қожа Ахмет Ясауи», «Әл-Фараби» ордендері биыл алғаш рет Республика күні қарсаңында тапсырылатын болады.

Біз жасампаз ұлт ретінде алдымызға биік мақсат қоямыз. Бірлігімізді бекемдеп, біртұтас халық болып жарқын болашаққа нық қадам басамыз. Қасиетті Отанымыз – Қазақстанды білім-ғылымның, ойлы ортаның және саналы жастардың күшімен түбегейлі жаңғыртамыз. Келер ұрпаққа Өркениетті, Қуатты әрі Әділетті мемлекетті аманат етіп қалдырамыз. Бұл – біздің ұлттық парызымыз.

Осы тарихи жолда біз ғалымдардың орасан зор әлеуетіне сенім артамыз. Себебі ғылым өркендесе, бүкіл еліміз дамиды, шексіз мүмкіндіктерге жол ашылады. Ғалымның әрбір жаңалығы тұтас ұлттың мерейін асырады. Сіздер қашанда ел мүддесіне қызмет ете бересіздер деп сенемін. Мемлекет өздеріңізді әрдайым қолдайды.

Мен кәсіби мереке қарсаңында ғылым саласында зор жетістікке жеткен және жоғары білімді дамытуға елеулі үлес қосқан ғалымдарды марапаттау туралы шешім қабылдадым. Тиісті Жарлыққа қол қойдым. Сонымен қатар бүгін жас ғалымдарға пәтер кілтін табыстаймын. Бәрі де құтты болсын! Берекелі болсын, – деп қорытындылады Президент.

ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ПАРЛАМЕНТТІК ДИПЛОМАТИЯСЫ ДАМИ ТҮСТІ



Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев бір топ депутатпен және Қазақстанның зиялы қауым өкілдерімен бірге Өзбекстанға барды. Сапар аясында ол Самарқанд қаласында өткен Қазақ және өзбек ғылыми-шығармашылық зиялыларының екінші форумында сөз сөйледі. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенаты арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның отырысына қатысты. Олий Мәжіліс Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаевамен екіжақты кездесуде көпжақты өзара іс-қимыл мен өңіраралық байланыстарды нығайту мәселелері әңгімеге арқау болды.

Қазақ және өзбек зиялыларының форумы осымен екінші рет өткізіліп отыр. Іс-шарада сөз сөйлеген Мәулен Әшімбаев екі ел тәуелсіздігінің 35 жылдығы тұсында өтіп жатқан бұл кездесудің символдық мәні зор екенін айтты. Сондай-ақ ол Қазақстан мен Өзбекстан мемлекеттілікті қалыптастыру кезеңін табысты аяқтағанын, енді жаңа стратегиялық мақсаттарды айқындайтын уақыт келгенін атап өтті. Сенат Төрағасы Мемлекет басшыларының Қазақстан мен Өзбекстанның қарым-қатынасын одан әрі бекемдеуге бағытталған саяси бағдары екіжақты ынтымақтастықты нақты мазмұнмен толықтырып, бүкіл аймақтың тұрақтылығын нығайтып отырғанына назар аударды.

«Қазір Қазақстан мен Өзбекстанның екіжақты қарым-қатынасы дәстүрлі мемлекетаралық өзара іс-қимыл шеңберінен шығып, аса маңызды деңгейге көтерілді. Елдеріміз аймақтың жарқын болашағын бірлесіп қалыптастырып келеді. Бұл сапалы серпіліс — мемлекет басшылары Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев пен Шавкат Миромонович Мирзиёевтің стратегиялық саясаттарының нәтижесі екені анық. Олардың саяси ерік-жігері, өзара сенімі, достығы және ұзақ мерзімге арналған бағдары ынтымақтастығымызға жаңа серпін берді. Президенттеріміздің Қазақстан мен Өзбекстанның стратегиялық бірлігін одан әрі бекемдеп, нығайтуға арналған бастамалары елдеріміздің ұзақ мерзімді дамуының берік негізін қалайды. Осы жолда біздің басты міндетіміз — жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтардың тиімді жүзеге асырылуына ықпал ету», — деді Сенат Төрағасы.

Мәулен Әшімбаев Форум алаңында екі елдің ғалымдары мен мәдениет қайраткерлерінің басқосуы аймақтың мүддесін ілгерілетуге ықпал етіп, Орталық Азиядағы ауқымды мәдени жаңғыру үдерісін айшықтай түсетінін атап өтті.

Сонымен қатар ол ғылыми және шығармашылық зиялы қауым

арасындағы ынтымақтастықтың бірнеше негізгі бағытына тоқталып, тараптар бірлесіп пысықтауға тиіс міндеттерге тоқталды. Атап айтқанда, ғылыми және технологиялық дербестік, білім беру бағдарламалары, өнер саласы мен креативті индустрияны дамыту мәселелеріне ерекше мән берілді.

«Қазақстан жасанды интеллектті дамытуға арналған экожүйені белсенді түрде қалыптастырып келеді. Алем AI бірегей халықаралық орталығы іске қосылуда. Мемлекет басшысы 2029 жылға қарай Қазақстанды жаппай цифрлық мемлекетке айналдыруды міндет етіп жүктеді. Өзбекстан да цифрлық трансформация саласында елеулі нәтижелерге қол жеткізіп отырғанын білеміз. Сондықтан ғылыми қауымдастықтың күш-жігерін біріктіру елдеріміздің жедел әрі озық дамуы үшін стратегиялық маңызға ие. Қазақстан мен Өзбекстан осы бағыттағы жаһандық күн тәртібін қалыптастыруға қатысатын елдерге айнала алады. Сондай-ақ жастар арасындағы байланысты нығайта отырып, Орталық Азияның бірыңғай білім беру кеңістігін жасақтаудың мәні зор. Біз жетекші жоғары оқу орындарымыз арасындағы ынтымақтастықты дамытуды, оның ішінде алдыңғы қатарлы университеттердің филиалдарын ашуды, академиялық мобильділіктің жаңа бағдарламаларын іске қосуды, бірлескен форумдар мен ғылыми тағылымдамалар өткізуді белсенді түрде қолдаймыз», — деді палата Спикері.

Форумға қатысушылар Орталық Азиядағы зияткерлік және мәдени байланысты нығайту аймақты ғылым, білім, өнер саласындағы әлемдік көшбасшылар қатарына қайта қосудың басты кілті екеніне ерекше тоқталды.

Өз кезегінде Олий Мәжіліс Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаева Форум идеяларын қолдағаны үшін Қазақстанға алғыс білдірді.

Сондай-ақ ол қазақ пен өзбек халықтарының ынтымақтастығының негізгі мақсаты мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейту және

өзара іс-қимылдың өзге де маңызды салаларын ілгерілету екенін айтты.

Ұсынылған жобалар Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы гуманитарлық байланысты дамытуды және мәдениет пен білім беру ісінде жүйелі түрде тәжірибе алмасудың негізін қалауды көздейді. Ғылым, әдебиет және өнер салаларындағы күш-жігерді ортақ мүддеге жұмылдыру серіктестіктің жаңа кезеңіне жол ашып, екі мемлекеттің өзара жақындасуын одан әрі жеделдете түсетіні анық. Айта кетейік, Қазақстан мен Өзбекстанның ғылым және шығармашылық саладағы зиялыларының бірінші форумы былтыр Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Астана қаласында өтті.

Өзбекстанға сапар барысында Мәулен Әшімбаев бүгін Танзила Нарбаевамен екіжақты кездесу өткізді. Одан кейін палата Төрағалары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенаты арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның бесінші отырысына қатысты. Сенаторлар комиссия жұмысының аралық қорытындыларын шығарып, түрлі саладағы бірлескен жобаларды талқылады.

«Президенттеріміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев пен Шавкат Миромонович Мирзиёев екіжақты ынтымақтастыққа серпін беріп, жоғары деңгейге көтерді. Бұл бағытта парламентаралық байланыстың маңызы зор. Парламентаралық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның белсенді ықпалымен «Орталық Азия» Халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығының қызметін реттеу туралы үкіметаралық келісім жедел пысықталып, 2025 жылғы наурызда ратификацияланды. Былтыр өзара тауар айналымын 2030 жылға қарай 10 млрд долларға дейін ұлғайту жөніндегі үкіметаралық бағдарламаның қабылдануын тағы бір маңызды нәтиже ретінде айтуға болады. Сондай-ақ Орталық Азия мемлекеттерінің Парламентаралық форумын өткізу жөніндегі бастаманың жүзеге асырылуы да — ортақ жетістігіміз. Екі ел арасындағы парламентаралық ынтымақтастық алдағы уақытта да саясат, экономика, экология, білім және мәдениет сияқты барлық негізгі бағытты қамтып, жүйелі түрде кеңейте беруді деп сенемін», — деді Мәулен Әшімбаев.

Отырыс кезінде қатысушылар өңірлік және парламентаралық ынтымақтастықты, оның ішінде халықаралық ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды одан әрі дамыту мәселелерін де талқылады.

МӘЖІЛІС РЕЙТИНГТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Депутаттардың қарауына бірінші оқылымда «Рейтингтік қызмет туралы» заң жобасы ілеспе түзетулерімен ұсынылады. Құжат Мемлекет басшысының 2022 жылғы 26 қыркүйектегі Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес әзірленді.

Заң жобасы рейтингтік қызметтің құқықтық және институционалдық негіздерін қалыптастыруға, рейтингтік қызметтердің жергілікті нарығын дамыту үшін жағдай жасауға, сондай-ақ кредиттік рейтингтік агенттіктер қызметінің ашықтығы мен тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Құжат арқылы рейтингтік қызметті реттеудің адалдық, жұмыстың сапасы мен ашықтығы қағидаттарын бекітетін кешенді нормаларды енгізу, агенттіктердің әдіснамасы мен капиталына қойылатын талаптарды бекіту, сондай-ақ халықаралық және шетелдік рейтингтік агенттіктерді тану, осы саладағы мүдделер қақтығысын басқару және мемлекеттік қадағалау мәселелерін реттеу көзделді.

Екінші оқылымда депутаттарға ғылым мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерді қарастыру ұсынылады. Заң жобасы ғылым мен инновацияның ұзақмерзімді және тұрақты дамуы үшін тиімді құқықтық база құруға бағытталған. Атап айтқанда, ғылыми және технологиялық ресурстарды шоғырландыру, жоғары технологиялық өндірістерді дамыту және ғылым саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру, оның ішінде ғылымды қажет ететін аумақтарды құру мен дамыту арқылы инвестициялық тартымдылықты арттыру мәселелерін реттеу тетіктері көзделді.

Күн тәртібіне Мәжіліс депутаттары бастамашы болған, ілеспе түзетулері бар селекциялық жетістіктерді қорғау туралы заң жобалары да енгізілді, оны қорытынды дайындау үшін салалық комитет жұмысқа қабылдайтын болады.

АҚШ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Джули Стаффтпен сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі дамыту, цифрландыру, жасанды интеллект және ғарыш саласындағы өзара іс-қимыл мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың АҚШ-қа сапарының қорытындысы бойынша қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылуы барысы қаралды.

Премьер-министр Олжас Бектенов Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өткен жылдың қараша айындағы Вашингтонға сапары елдер арасындағы экономикалық әріптестіктің ауқымын айқын көрсеткенін атап өтті. Жалпы сомасы \$17 млрд болатын қол қойылған 29 келісім экономикалық байланыстардың кеңеюіне елеулі серпін берді. Қазақстан Үкіметі қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыруға басымдық береді.

«Қазақстан-Америка ынтымақтастығы бүгінде қарқынды дамып келеді. Оның негізінде стратегиялық көзқарасы біздің бірлескен жұмысымызға практикалық сипат беретін мемлекеттеріміздің көшбасшылары арасындағы берік қарым-қатынас жатыр. Біз жоғары саяси деңгейдегі тығыз диалог екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды тереңдету үшін одан әрі қолайлы жағдай туғызады деп сенеміз», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Өз кезегінде елші де Үкімет басшысына тілектестігін жеткізді.

«Біздің елдер арасында бұрын-соңды болмаған қатынастар қалыптасты. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Трамптың Бейбітшілік кеңесі және Ибраһим келісімдері жөніндегі бастамасына қатысты нақты ұстанымын білдірді. Мұның барлығы да — тарихи әрі серпінді бастамалар. Қолдау көрсеткені үшін Америка Құрама Штаттары мен Президент Трамп Қазақстанға алғыс білдіреді», — деп атап өтті Джули Стаффт.

БАҒДАР

11 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ КӘСІПКЕРЛЕР ҚАНАТЫН ҚҰРДЫ

Бұл туралы Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысында мәлімдеді. Іс-шараға мыңдаған компания мен миллиондаған адамды біріктіретін бизнес-қоғамдастық пен ірі салалық қауымдастықтардың өкілдері қатысты. Партия мен бизнес елдің тұрақты әрі орнықты дамуы үшін кәсіпкерлерге жаңа мүмкіндіктер жасау, экономиканың өсуін қамтамасыз ету және қазақстандықтардың табысын арттыру бағытында бірлесіп жұмыс істейтін болады. Отырысқа партияның өңірлік филиалдары бейнеконференцбайланыс арқылы қосылды.

Өз сөзінде Ерлан Қошанов кейінгі жылдары Президент жаңа мемлекеттік модельді дәйекті түрде қалыптастырып отырғанын атап өтті. Ол — қуатты экономикаға, әділдікке және жұмыс орындарын ашып, инвестиция тартатын, елді алға жетелейтін кәсіпкерлерді нақты қолдауға бағытталған. Референдумда азаматтар кеңінен қолдаған жаңа Конституция осы бағытты саяси әрі қисынды тұрғыда бекітті. Бұл ретте партия мен бизнестің ортақ мақсаты — Прогрессивті әрі Әділетті Қазақстан құру. Сондықтан «АМАНАТ» бизнес өкілдерімен күш біріктіріп, ел мен оның азаматтарының игілігі жолында бірлесіп жұмыс істеуге дайын.

«Партияның тәжірибесі, әлеуеті және жұмыс істеуге деген ұмтылысы бар. Біз әрдайым Президент саясатының алдығын шебіндеміз. Ел тарихындағы маңызды кезеңдерде саяси институттардың басын біріктіріп келеміз. Белсенді азаматтарға арналған жұмыс алаңдарымыз бар. Жастар қанаты мен әйелдер қанаты жұмыс істейді. Олар ел аумағында ондаған мың адамды біріктіреді. Бұл — партиямыздың өзегін құ-

райтын электорат. Бизнес те партияны өз серіктесі ретінде көруі керек. Бізге сенім білдіріп, мұнда олардың дауысы естілетініне, мәселелері нақты қаралып, шешімін табатынына көз жеткізуі қажет. Сондықтан партияның жеке Кәсіпкерлер қанатын құруды ұсынамын», — деді партия Төрағасы.

Ерлан Қошанов партияның бизнеспен бірлескен жұмысында елеулі тәжірибе жинақтағанын атап өтті. Бұл бағытта бизнестің мүддесін жүйелі қорғау және кәсіпкерлер қауымдастығымен тұрақты диалог орнату ісінде тиімді алаңға айналған партия жанындағы Үйлестіру кеңесі маңызды рөл атқарады. 30-дан астам отырыс өткізіліп, онда нарыққа қол жеткізу мен қаржыландырудан бастап, салықтық және инфрақұрылымдық реттеуге дейінгі 190-ға жуық мәселе қаралды. Кеңестің тиімді жұмысына Премьер-министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің тең төраға ретінде тікелей қатысуы ықпал етуде.

Өңірлерде де осындай партиялық кеңестер белсенді жұмыс істейді. Жақын арада кеңестер жергілікті бизнестің проблемалық



мәселелерінің тізілімін қалыптастырып, әкімдіктер мен барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен оларды жүйелі түрде шешуге күш салады. Қажет болған жағдайда бұл мәселелер республикалық деңгейге шығарылады. Партия өңірлік кеңестер жұмысына ең белсенді кәсіпкерлерді тартатын болады. Алдағы уақытта олар партияның кадрлық резервіне енгізіледі.

«АМАНАТ» партиясы сондай-ақ бизнеске қолдау көрсетудің цифрлық құралдарын күшейтуде. Ashyk Amanat аналитикалық платформасы іске қосылды. Бұл сервис еліміздегі кәсіпкерлердің проблемалық мәселелерін біріктіріп, партия, Үкімет және бизнес қауымдастығы арасындағы нақты әрі тиімді диалогтың құралына айналуда тиіс.

Мәжіліс Төрағасы бизнес өкілдерімен белсенді жұмысты Мәжілістегі партия фракциясы жүргізіп отырғанын атап өтті. Парламентте көпшілік дауысқа ие фракция ретінде кәсіпкерлікті қолдауға, ашықтықты арттыруға және әкімшілік кедергілерді азайтуға

бағытталған заңдарды жетілдіріп, олардың орындалуын бақылайды. Мәселен, бизнес қауымдастықпен және «Атамекен» ҰКП-мен пәндік диалог жаңа Салық, Құрылыс кодекстері, мемлекеттік сатып алу туралы заң жобаларын әзірлеу кезінде құрылды.

Жаңа Кәсіпкерлер қанатының қызметі аясында бұл өзара іс-қимыл жүйелі түрде күшейтілетін болады. Фракцияда бизнес саласындағы белсенділермен тұрақты байланыс орнататын жауапты депутаттар бекітіледі. Олар кәсіпкерлер бастамаларын заңнамалық тетіктер мен депутаттық сауалдар арқылы ілгерілетіп, заң жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарына бизнес өкілдерін тартумен айналысады.

Отырыс барысында Премьер-министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин кәсіпкерлердің өтініштерімен жұмыс жүйелі өзгерістерге алып келуге тиіс екенін атап өтті. Оның айтуынша, бүгінде басты міндеті — жекелеген мәселелерге жауап беруден ережелер мен реттеу деңгейіндегі шешімдерге көшу.

Іс-шарада Қазақстанның қайталанатын шикізатты қайта өңдеушілер қауымдастығының төрағасы Батырбек Әубәкіров, Petrocouncil Қазақстанның мұнай-газ Кеңесі Қауымдастығының тең төрағасы Серік Аманғалиев, «АЛЬПРИМА» ЖШС бас директоры Андрей Дегунков, «Қазақстан инвесторлар одағы» Қауымдастығының басқарма төрағасы Рустам Жүрсінов және өзге де азаматтар сөз сөйледі.

Кездесу қорытындысы бойынша, ірі бизнес пен ШОБ өкілдері партия қатарына қабылданды. Осылайша, Сауда желілері одағы басқарма төрағасының орынбасары Эльбеги Абдиев, Қазақстандық салық кеңесшілері қауымдастығының мүшесі Айжан Балакешова және Integra Construction KZ ЖШС акционері Мүтәліп Шахмұрат «АМАНАТ» партиясының мүшесі болды. Сондай-ақ Қазақстан IT компаниялары Қауымдастығының Президенті, Үйлестіру кеңесінің мүшесі Айымгүл Әбілева, Energy Monitor қоғамдық қорының атқарушы директоры Нұрлан Жұмағұлов, «Атамекен» ҰКП өңдеуші өнеркәсіп комитетінің төрағасы Қанат Ибраев, «ФармМедИндустрия Қазақстан» Қауымдастығының Президенті Руслан Сұлтанов және «Қазақстан электрэнергетикасы ассоциациясы» басқарма төрағасы Талғат Темірханов партия қатарына қосылды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының алғысхаттары мен партиялық наградалары партия жанындағы Үйлестіру кеңесінің мүшелеріне және бизнес-қоғамдастық өкілдеріне ел дамуына қосқан үлесі үшін салтанатты түрде табыс етілді.

«ТҰРҒЫНДАР АМАНАТЫ»: ЖҮЙЕЛІ ШЕШІМДЕР АЛАҢЫ

Тұрғын үй қызметтері үшін төлем көлемі жылдан жылға өсуде. Алайда көппәтерлі секторды басқару мәселелері жүйелі сипат ала бастады: түсініксіз шығындардың артуы, басқарушы компаниялардың қызметіне бақылаудың болмауы, инженерлік желілердің ескіруі. Тұрғындар өз қаражатының қайда жұмсалып, ол үшін кім жауапкершілік артатынын білмей дал болуда.

Осы қордаланған мәселелердің жүйелі шешімін табу жолында «АМАНАТ» партиясы жүзеге асырған «Тұрғындар аманаты» жобасының өзектілігі артып отыр. Жоба тұрғын үйді басқару ісін жүйелеуге, ашықтықты арттыруға және ең бастысы, тұрғындарды шешім қабылдау үрдісіне тартуға бағытталған. Ол тұрғындар, басқарушы ұйымдар мен мемлекет арасындағы байланыс көпіріне айналып, мәселені талқылаумен шектелмей, оны жүйелі түрде шешуге жол ашады.

Жобаның ауқымын кеңейту және тәжірибесін жетілдіру мақсатында ел аумағында семинар-форумдар өтуде. «Үйді басқару: жауапкершілік, сенім, нәтиже» тақырыбына арналған жиындарда

көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару ісін жетілдіру, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы тәжірибе мен бастамалар кеңінен талқылануда.

Өскеменде өткен басқосуда «АМАНАТ» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев облыс бойынша тұрғын үйді басқару жүйесіне бірқатар өзгеріс енгізілгенін мәлімдеді.

«Мұнда 3 400-ге жуық көппәтерлі тұрғын үй бар, олардың 35%-ы жаңа басқару формасына көшті және мыңдаған пәтер иелері кооперативі, мүлік иелерінің бірлестігі мен жай серіктестік құрылды. Алайда шешілуге тиіс міндеттер әлі де көп», — деді ол.

Ержан Жылқыбаевтың айтуынша, партияның облыстық ко-

ғамдық қабылдауларында тұрғындар инфрақұрылымның ескіруіне, басқару деңгейінің төмендігіне және ашықтықтың болмауына қатысты мәселелерді жиі көтереді.

«Партия бұл курсты нақты шешімдер арқылы жүзеге асыруда. Жаңа басқару моделі енгізілді: ашықтық, есептілік және тұрғындардың белсенді қатысуы басты қағидатқа айналды. Сонымен қатар саладағы трансформацияны қолдайтын заңнамалық база құрылды», — деді партия Хатшысы.

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Екатерина Смышляева өңірде ПИК мүшелеріне арналған семинар өткізді. Онда депутат тұрғын үй қатынастары туралы заңды жаңа жақты түсіндіріп, көппәтерлі үйлерді басқару қызметінің ашық әрі есепті болуына бағытталған практикалық нұсқаулар берді.

Бүгінде жобаның алғашқы нәтижесі де байқалуда: тұрғын үйлер ауласында сенбіліктер ұйымдастырылып, ағаштар отырғызылды және «Халық қатысатын



бюджет» бағдарламасы аясында балалар мен спорт аландары ашылып, түрлі жарыстар өткізілді. Сондай-ақ депутаттардың есеп беру кездесулері тұрақты түрде өткізіліуі жолға қойылды.

Жоба жоспарына сәйкес, алдағы уақытта МИБ төрағаларын оқыту, құқықтық және консультациялық қолдау көрсету, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының аясын кеңейту, цифрлан-

дыру және кері байланысты қамтамасыз ету, сондай-ақ тұрғын үй жағдайын күтіп-ұстау жұмыстары ұйымдастырылмақ.

«АМАНАТ» партиясының «Тұрғындар аманаты» жобасы нақты құралдарды ұсынады: оқыту, қолдау және бастамаларды қаржыландыру. Нәтижесінде, кәсіби және мәселелерді нақты шешуге бағытталған жаңа басқару мәдениеті қалыптасады.

12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

11 СӘУІР 2026 | СЕНБІ


Қазақстанда 12 сәуірде Ғылым қызметкерлері күні атап өтіледі. Ғылым министрлігіне сенсек, бүгінде ғалым болу – беделді ғана емес, жоғары табысты кәсіп. Гранттар, түрлі бағдарлама мен жоба аясындағы миллиардтаған қаржыландыруды қоспағанда, өңірлерде бұл кәсіп иелерінің орташа жалақысы 845 мың теңгеге жетті: республикалық орташа деңгейден 2,4 есе жоғары! Демек, мемлекет ғалымдардан нақты өнім мен қайтарым талап етуге құқылы. Президенттің тапсырмасымен, биыл Үкімет экономика салаларын роботтандыруға және жаппай ЖИ өндіруге кірісті. Бұл іске ғалымдардың сүйеу болғаны керек-ақ.

«СИҚЫРЛЫ САКИНА» СИНДРОМЫ

Республикада бұрынғы онжылдықтарда жалындап, ұрандата айтылатын инновация туралы әңгіме бүгінде саябырлап қалған еді. Бұған дейінгі үкіметтер индустриялық-инновациялық бағдарламаларға триллиондап қаржы бөлгенімен, оның нәтижесін халық сезіне алған жоқ. Қаншама жарнамаланған «Қазақстанда жасалған» планшет, теледидар, басқа тұрмыстық техника шетелдік нарықты былай қойып, өз дүкендерімізден табылмайды. Яғни, жоба көп болғанымен, өнім аз болды.

Бұл ретте саланың символына айналған бір «инновациялық кейс» ел есінде қалды. 2014 жылдан бастап инновацияға жауапты министрліктер мен ұйымдар қазақстандық ғалымдар тобы ойлап тапқан, жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы ауруларды лезде анықтайтын «сиқырлы» сақинаны «әлемде теңдессіз» деп дәріптеді. Ол сол кездегі ел басшылығына таныстырылды, барлық салалық іс-шарада беткеу озық жоба ретінде ұсынылды. Түрлі тетіктен қаржыландырылды, сан алуан марапатқа ие болды. «Астаналық ғалымдар «Нооре диагностикалық сақинасы» атты бірегей, әлемде теңдессіз гаджет жасады. Оны саусаққа таққан адам бірден өзінде жұқпалы аурудың бар-жоғын біле алады», – делінген баспасөз хабарламасында.

Бұл әзірлеме адамға өз денсаулығын өз бетінше және құпия түрде бақылауға мүмкіндік беретін инновациялық өнім ретінде ұсынылды. Оның елдегі мыңдаған жасырын ЖИТС жұқтырушыларды анықтауға үлес қосатыны меңзелді. Мәнісі – құрылғы жыныстық жолмен берілетін ауруларды анықтау үшін қанға экспресс-талдау жасайды. Сақина саусаққа тағылады. Ол микротесу жасап, қанның бір тамшысын алады және кіріктірілген сенсорлардың көмегімен бірден диагностика жүргізеді. Бүгінде сол Нооре қайда? Тұтынушылар қайдан сатып ала алады? Ешқайдан. Өйткені уақыт өте келе бұл жоба көпшілік күткен деңгейге жетпеді. Жобаның прототипі жасалғанымен, әрі ұзамаған, тиісінше, елдегі еркін сатылымда қолжетімді тұтынушылық өндіріске шыққан жоқ.



Елдар ҚАБА (қолжазба)

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ ӨНДІРІС ӨЗЕГІН ТАБА АЛДЫ МА?

АҚЫЛДЫ ҮЙДЕН ҚОРҒАЛҒАН ОТАНҒА ДЕЙІН

Ғылым қызметкерлерінің кәсіби мейрамы қарсаңында Ғылым және жоғары білім министрлігі отандық ғалымдардың инновациялық жобаларына арналған бейнематериалдар сериясын жариялады. Жобаның көбісі (бәлкім, бәрі) – әлемде бар технологияларды жетілдіруге құрылған. Оның бірінде ҒЖБМ Сәтбаев университетінің ғалымдары құрылыс саласына арналған 3D-принтердің дәлдігін арттыруға мүмкіндік беретін манипуляторды жасап шыққаны мақтан етті.

– Қазір құрылысқа арналған 3D-принтерлерде баспа бастиегін позициялау үшін негізінен порталды, сериялық немесе кабельді типтегі роботтар қолданылады. Алайда мұндай жүйелер құрылыс алаңындағы шаң, діріл және температурадың ауытқуы сияқты күрделі өндірістік жағдайларға толық бейімделмеген, сондай-ақ оларды калибрлеу күрделі. Аталған кемшіліктерді жою үшін Сәтбаев университетінің ғалымдары арнайы компенсациялаушы манипулятор мен бетонды баспалауға арналған шүмекті әзірледі, – деп түсіндірді ведомство.

«Қазақстан инженеринг» R&D орталығы әуе робототехникасы бағытында мемлекеттік сектор, қоғамдық қауіпсіздік және өндірістік кәсіпорындар үшін бірқатар заманауи шешім әзірлеген. Оның қатарында нысаналарды – жаудың жаяу әскерін және ұрыс техникасын анықтап, зақымдауға арналған «Жебе» тосқауылдау ок-дәрісі (ұшатын снаряд), оқу-жаттығу мақсатындағы ұшқышсыз әуе нысаналары, украиналық атакты Sea Baby сияқты теңіз операцияларына арналған экипажсыз кеме, мобильді робототехникалық кешендер, сондай-ақ іздеуге, барлауға және арнайы тапсырмаларды орындауға арналған «Қарақұс», «МАСА», Saryarqa, JETISY, SAMURYQ, «Шағала-М» сияқты ұшқышсыз жүйелер бар. Бұл әзірлемелер отандық ғалымның қорғаныс және жоғары техноло-

гиялар саласындағы әлеуетін арттырып, еліміздің технологиялық тәуелсіздігін нығайтуға елеулі үлес қосуға тиіс.

Ғылым қорының қолдауымен 2023-2025 жылдары жүзеге асырылған ғылыми жоба аясында Wallee бағдарламалық қамтылымы жасалып, Smart Home жүйесі толыққанды өнім ретінде нарыққа ұсынылыпты. «Ірі құрылыс компанияларымен жұмыс істейміз. Өнім автоматтандыру үшін қолданылады, ал датчиктер қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Барлық сигнал біздің мобильді қосымшаға түседі. Құбыр жарылып, су ақса, сымнан ақау шығып, нысан – кенсе не баспана іші түтінге толса немесе бөгде адам кіріп кетсе, ол туралы иесі бірден хабар алады. Үтікті қосулы күйде ұмыт қалдырса, үйдегі электр қуатын қашықтан өшіреді. Астана, Алматы мен Шымкентте 15 мың пәтермен келісімшарт жасастық, оның 7 мыңына орнатылды», – дейді Connected Home директоры Саят Ақтай.

Зерттеуші ғалым, PhD Албанбай Нұртай бастаған ғалымдар тобы қоршаған ортадағы механикалық тербелістерді электр қуатына айналдыратын ықшам әрі тиімді құрылғы жасау үшін тер төгіп жатыр. Зерттеу мақсаты – бірнеше жүз герцке дейінгі, яғни табиғи ортада жиі кездесетін тербеліс диапазонында істейтін электромагниттік түрлендіргішті әзірлеу. Ұқсас жүйе әлемде бар екен, бірақ олардағы автономды IoT-датчиктер әдетте тұрақты қуат көзін қажет етеді. Жаңа әзірлеме электрмен жабдықтаудың балама тәсілін ұсынып, түрлі салада, мәселен, егіс алқабының жай-күйін бақылау немесе экологиялық мониторинг жүргізу үшін жоғары сұранысқа ие болады деп күтіледі.

БІЗДЕ РОБОТТАР ДӘУІРІ БАСТАЛДЫ МА?

Жаңа Конституцияда бекітілген мемлекеттің стратегиялық бағытын іске асыру

аясында білім мен технологияға, жасампаздық пен инновацияға негізделген экономиканы дамыту енді ерекше маңызға ие. Экономика салаларының қолданбалы міндеттерін шешуге ғылыми қауымдастықты тарту басым бағыт. Осы орайда инновацияға

жауапты жеке мекеме – Экономика салаларын роботтандыру жөніндегі жобалық кеңсе құру жоспарланып отыр. Бұл туралы Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев хабарлады.

– Инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғырту – өнеркәсіптік саясаттың негізгі бағытының бірі. Өнеркәсіптік саясат туралы заңда цифрлық трансформация, Индустрия 4.0 технологияларын енгізу, индустриялық инфрақұрылымды дамыту және кәсіпорындарды жаңғыртуға инвестицияны ынталандыру басымдық ретінде айқындалған. Бұл шараларды іске асыру қазірдің өзінде нақты нәтиже әкелді. Кәсіпорындардың инновацияларға жұмсаған шығыны 2021 жылмен салыстырғанда 4,5 есе өсіп, 1,9 трлн теңгеге жетті, – деді Е.Нағаспаев.

Жалпы, шахтадағы, түрлі кенорындағы жұмыс адам өмірі үшін қауіпті. Министр геология саласында жер астында терең орналасқан және дәстүрлі әдістермен табылмайтын жасырын кен орындарын іздеу үшін инновациялық геохимиялық әдіс енгізіліп жатқанын атап өтті. Әдіс топырақтағы металдардың өлсіз іздерін де таба алады. Сол арқылы мамандар жер астында қандай және қанша көлемде пайдалы қазба барын біледі.

Шикізатқа тәуелділіктен құтылудың жалғыз жолы – жер астындағы байлықты ақылмен игеру. Тау-кен металлургиясында шикізатты өңдеу тиімділігін арттыру және төмен сортты және техногендік ресурстарды кәдеге жарату үшін инновациялық шешімдер іске асырылу үстінде. Оны қаржыландырудың негізгі көлемі жер қойнауын пайдаланушылардың өндіріс шығындарының 1%-ын міндетті аудару есебінен қалыптасады. Соңғы 5 жылда тау-кен саласының ірі кәсіпорындары ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шамамен 150 млрд теңге инвестиция құйып, 1,5 мыңнан астам жобаны іске

асырды. Бұл әзірлемелер нақты өндірістік міндеттерді шешуге бағытталған.

Біріншіден, Аяқ-Қожан, Ақтоғай, Алмалы кен орындарында, Қоңырат үйінділерінде, Бозшакөл фабрикаларында төмен сортты мыс құрамды шикізатты өңдеудің байыту-гидрометаллургиялық аралас технологиялары қолданылады. Бұл жылына 50 мың тонна катодты мыс өндірісін және 350 млн долларға дейін кірісті қамтамасыз етеді.

Екіншіден, «Беркара» кешенінде үйінді сілтісіздендіру технологиясы енгізілді, бұл кәсіпорынның жылына 5 мың тонна катодты мыс өндіру жобалық қуатына шығуын қамтамасыз етті. Үшінші жоба – Қаратаудың ванадий құрамды кварциттерін гидрометаллургиялық өңдеу іске асырылып, ванадийді 85%-дан, молибденді 77%-дан астам алуға қол жеткізілді. Төртіншіден, Бұғыты кен орнының шеелит кендерін өндіру және өңдеу технологиясы оңтайландырылды. Соның нәтижесінде, вольфрам кендерін өңдеу зауыты іске қосылып, жылына қосымша 100 тоннаға дейін вольфрам триоксиді алынатын болды.

Бұдан бөлек, Балқаш мыс қорыту зауытында ілеспе компоненттерді кешенді алу үшін тотықсыздандырығыш электрмен балқыту технологиясы әзірленді, бұл жылына мың тоннадан астам бағалы металл қорын өңдеуге мүмкіндік береді. Ал «Жезқазған-сирекметалда» ыстыққа төзімді никель қорытпаларының қайталама шикізатын рециклінгтеу технологиясы енгізілді. Бұл ренний шығаруды 10 есеге арттырып, никель, кобальт және басқа да легирлеуші элементтерді қосымша алуға мүмкіндік берді. Ведомство мәліметінше, ЖИ енгізу жөніндегі жол картасы шеңберінде 11 пилоттық жоба іске асырылды.

– Машина жасау саласындағы инновацияларды дамыту шеңберіндегі басымдықтардың бірі – өндірісті роботтандыру. Бүгінде отандық өнеркәсіпте 10 мың жұмысшыға шаққанда шамамен 7 роботтан келеді, бұл әлемнің жетекші елдерінен көп төмен. Роботтандыруды дамыту және өндірістігі кадр тапшылығын азайту үшін цифрлық шешімдерді, соның ішінде ӨАБЖ (АСУП), деректер аналитикасын, ЖИ элементтерін және цифрлық платформаларды, сондай-ақ өнеркәсіптік роботтар енгізу бойынша белсенді жұмыс басталды, – деді министр Е.Нағаспаев.

2025 жылы 300-ден астам робот орнатылыпты. Озық үлгі ретінде 68 роботы бар KIA Qazaqstan зауыты және 54 роботы бар Astana Motors зауыты тілге тиек етілді. Роботтар әл-әзір адамды алмастырмайды, ол адам еңбегін қауіпсіз әрі өнімді етеді. Ендігі мақсат – шетелден таситын емес, сол роботты бағдарламалайтын және жасайтын ұлтқа айналу.


Ғылым қызметкерлерінің мерекесі – той тойлайтын емес, ой ойлайтын, кешегі күмәнді кейстерден арғылып, қателігінен сабақ алып, ертеңгі нақты технологиялық тәуелсіздікке нық қадам жасауға бастайтын меже. Қазақстанда ғылымға бөлінетін қаржы да, көңіл де артты. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, идея мен нәтиженің арасы – ең күрделі өткел.

Елдос СЕНБАЙ

12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

11 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Қазақстан ғарыш саласында жаңа кезеңге аяқ басты: соңғы жылдары жасалған нақты қадамдар – Байқоңырды жаңғыртудан бастап, спутник экспорттауға дейін – елдің бұл бағытта жай бақылаушы емес, толыққанды ойыншыға айналып келе жатқанын көрсетеді. Енді мәселе ғарышқа шығуда емес, сол мүмкіндікті қалай тиімді пайдаланып, экономикалық және технологиялық пайдаға айналдыруда тұр.



А Кәмила ДҮЙСЕН

Байқоңыр бір кезде тек өткеннің мұрасы сияқты көрінетін. Ал қазір ол қайта жанданып, тарихының жаңа парағын ашып отыр. Аэроғарыш комитетінің төрағасы Баубек Оралмағамбетовтың айтуынша, Қазақстан мен Ресейдің бірлескен жұмысы осы алып кешенді сақтап қана қоймай, оған жаңа мүмкіндіктер беріп отыр.

Қазір екі ел үшін басты жаңалық – «Бәйтерек» жобасы аясындағы алғашқы ұшырылым. Қазақстан тарапы «Союз-5» зымыран тасығышының алғашқы ұшуы жақын күндері жүзеге асады деп күтуде. Бұған дейін «Роскосмос» басшысы Дмитрий Баканов зымыранның Байқоңырда тік күйде орнатылғанын, ұшырылымға толық дайын екенін хабарлаған.

«Бәйтерек» – Қазақстан мен Ресей арасындағы 2004 жылғы келісім негізінде жүзеге асырылып жатқан ірі жоба. Оның аясында Байқоңырда жаңа буындағы зымыран кешені салынып, «Союз-5» секілді заманауи тасымалдаушыларды ұшыру көзделген. Бұл жоба экологиялық тұрғыдан да маңызды саналады, өйткені ол бұрын қолданылған улы отынмен жұмыс істейтін «Протон» зымырандарын біртіндеп алмастыруға мүмкіндік береді.

БАЙҚОҢЫРДЫҢ ТЫНЫСЫН АШАР «БӘЙТЕРЕК»

Аэроғарыш комитеті төрағасының айтуынша, «Союз-5» зымыран тасығышының әлеуеті тек жүк тасымалдаумен шектелмейді. Болашақта оны ғарышкерлерді ұшыру үшін де қолдану қарастырылып отыр.

«Ұшу сынақтары аяқталғаннан кейін, әрине, «Союз-5» зымыран тасығышын тек ғарыш аппараттарын шығару үшін емес, ғарышкерлерді де ұшыру мүмкіндігі туындайды», – деді Баубек Оралмағамбетов.

Осы арқылы біз Қазақстанның ғарыш саласындағы амбициясы тек инфрақұрылыммен шектелмейтінін көреміз. Яғни, ел тек техникалық алаң ұсынып қана қоймай, болашақта адам қатысатын миссияларға да қатысуы мүмкін.

Себебі «Союз-5» – орта классты жаңа буын зымыран тасығышы. Ол жүк көтеру мүмкіндігі мен қауіпсіздік талаптары бойынша

заманауи стандарттарға сәйкес келеді. Сондықтан оны тек спутник ұшыруға ғана емес, болашақта пилотты миссияларға бейімдеу де техникалық тұрғыдан мүмкін.

Қазір басты назар алғашқы ұшырылымға ауып отыр. Қазақстан Үкіметінің қаулысына сәйкес, «Союз-5» зымыранының алғашқы ұшуы 2026 жылдың сәуір айының соңына дейін кез келген резервтік күні жүзеге асуы мүмкін. Бұл – жобаның көпжылдық дайындық кезеңінен нақты іске көшуінің белгісі.

Егер бұл жоспар сәтті жүзеге асса, «Бәйтерек» жобасы Байқоңырдың жаңа тынысын ашуы мүмкін. Ал зымыранды болашақта ғарышкерлер ұшыруға пайдалану идеясы Қазақстан үшін мүлде жаңа мүмкіндіктердің есігін ашады.

Әзірге нақты кім ұшатыны немесе мұндай миссияның қашан жүзеге асатыны белгісіз. Дегенмен ресми деңгейде мұндай мүмкіндік айтылуының өзі Қазақстанның ғарыш саласында жаңа кезеңге аяқ басқанын аңғартады.

Сонымен қатар Баубек Оралмағамбетовтің айтуынша, қазір елде алты бірдей жерсерік жасалып жатыр. Республика телекоммуникациялық және Жерді қашықтан зондтау спутниктерін қамтитын базалық ғарыш инфрақұрылымын қалыптастырып үлгерген. Бұған қоса, ұлттық өндірістік база да қатар дамуда.

Бұл – Қазақстанның тек серіктес ел ретінде емес, өз мүмкіндігі бар дербес ойыншы ретінде қалыптасуға ұмтылып отырғанын көрсететіні анық. Дегенмен сарапшылардың айтуынша, мұндай жобалар тек технологиялық емес, саяси және экономикалық тұрғыдан да маңызды. Өйткені ғарыш саласы – ұзақмерзімді инвестиция мен тұрақты әріптестікті талап ететін күрделі бағыт.

«Бәйтерек» жобасы төңірегіндегі бұл үміт тек бір зымыран ұшырылымымен шектелмейді. Қазақстан үшін ғарыш тақырыбы әлдеқашан символикалық деңгейден шығып, нақты технологиялық тәуелсіздікке ұмтылудың бір бағытына айналған.

ҒАРЫШҚА

ҚАРЫШТАҒАН

Кезеңі



ТҮСКЕН ТАБЫС ТРИЛЛИОНҒА ЖУЫҚТАДЫ

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің мәлімдеуінше, Қазақстанның ғарышқа жолы – жай ғана ұшырылымдар тізбегі емес, тұтас бір дәуірдің шежіресі. «Біздің ғарышқа шығу тарихымыз – тек техника туралы әңгіме емес. Бұл – ұлттық технологиялық егемендікке жетудің, өз жүйемізді толық циклмен құруға көшуіміздің жолы. Оның іргетасы 1991 жылы Токтар Әубәкіровтің Байқоңырдан ұшқан сәтінен қаланды. Сол күннен бастап Қазақстан пайдаланушы ғана емес, сондай-ақ ғарышты зерттеуші елге айналу бағытын тандады», – делінген мәлімдемеде.

Расында, қазақ ғарышкерлерінің жолы елдің бұл саладағы амбициясын айқындап берді. Токтар Әубәкіровтен кейін Талғат Мұсабаевтың үш бірдей ғарыш сапары, ашық ғарыштағы рекордтық жұмыстары халықаралық деңгейде мойындалғанын ел біледі. Ал Айдын Айымбетовтің миссиясы ғылыми тұрғыдан ма-

ңызды зерттеулермен ерекшеленді. Бұл кезең Қазақстан үшін тәжірибе жинау дәуірі болса, бүгінгі күн – сол тәжірибені нақты индустрияға айналдыру кезеңі.

Қазір елде ғарыш саласы тек мәртебе үшін емес, экономиканың нақты секторына айналып үлгерді. Астанада іске қосылған ғарыш аппараттарын құрастыру және сынау кешені – соның айқын дәлелі. Орталық Азияда баламасы жоқ бұл нысан Қазақстанды сырттан дайын техника алатын елден өз өнімін шығаратын мемлекетке айналдыруға мүмкіндік беріп отыр.

«Бүгінде біз тек спутник пайдаланушы ел емеспіз. Біз – оны құрастырып, сынап, экспортқа шығара алатын деңгейге жеттік. Халықаралық стандарттарға сай өндіріс қалыптасты. Airbus Defence & Space секілді ірі серіктестермен жұмыс істей отырып, біз локализация деңгейін 30 пайызға дейін жеткіздік. Бұл – тек сан емес, нақты технологияның ел ішінде қалыптасуы», – деп атап өтеді ведомство өкілдері.

Қазақстандық инженерлерге деген сенімнің артқаны да байқа-

лады. Африка елдеріне Жерді қашықтан зондтау жүйелерін жеткізуге алғашқы экспорттық келісімдер жасалған. Сонымен қатар Түркі мемлекеттері ұйымы аясында ортақ технологиялық спутник жобасы әзірленіп жатыр. Бұл – Қазақстанның аймақтық деңгейде ғана емес, халықаралық нарықта да өз орнын таба бастағанын көрсетеді.

Экономикалық тұрғыдан да ғарыш саласының пайдасы сезіле бастады. Соңғы бес жылда мониторинг қызметтерінен түскен жалпы экономикалық әсер 977 миллиард теңгеге жеткен. Бұл – ауыл шаруашылығынан бастап, экология мен төтенше жағдайларға дейінгі түрлі салада ғарыш технологияларының нақты нәтиже беріп отырғанын білдіреді.

«БОЛАШАҚТЫҢ ЕСІГІН БҮГІН АШҚАН»

«Ғарыш технологиясы бүгін тек ғалымдардың зертханасында емес, қарапайым адамдардың күнделікті өмірінде астасып жатыр. Байланыс, интернет, көлік қауіпсіздігі – бәрі осы саламен байланысты. Мысалы, KazSat спутниктері еліміздің телерадио хабар тарату және байланыс қажеттілігін толық жауып отыр. Бұл импортқа тәуелділікті азайтып, миллиардтаған қаржыны ел ішінде қалдыруға мүмкіндік берді», – делінген мәлімдемеде.

Сонымен қатар жаңа KazSat-3R жобасы арқылы бұл жүйені одан әрі тұрақтандыру көзделген. Ал спутниктік интернет пен навигация жүйелері шалғай ауылдарға дейін жетіп, мыңдаған мектепті интернетпен қамтуға мүмкіндік беріп отыр.

Қазақстанның назары енді тек Жер маңындағы орбитамен шектелмейді. Ел ғалымдары халықаралық жобаларға қатысып, терең ғарышты зерттеуге де кірісе бастады. NASA-ның DART миссиясына қатысу, ғарыштағы қауіптерді бақылайтын ұлттық телескоптар желісін дамыту – соның дәлелі.

Ал болашақ жоспарлар одан да ауқымды. Ай маңындағы кеңістікті зерттеуге арналған қазақстандық телескоп жобасы қарастырылып жатыр. Бұл – ғылым үшін де, технология үшін де жаңа деңгей.

Осы тұста Байқоңырдың рөлі қайтадан алдыңғы қатарға шығады. «Бәйтерек» жобасы арқылы тек жаңа зымыран ұшыру ғана емес, бүкіл инфрақұрылымды жаңғырту көзделген. Сонымен қатар ғарыш туризмі бағытында да алғашқы қадамдар жасалып жатыр.

«Біз Байқоңырды тек өткеннің мұрасы ретінде қарамаймыз. Бұл – болашақтың алаңы. «Бәйтерек» жобасы, жаңа зымырандар, туристік инфрақұрылым – бәрі бірігіп, Қазақстанды цифрлық өркениеттің драйверіне айналдыруы тиіс. Бұл бағытта біз нақты нәтижеге жұмыс істеп жатырмыз», – деп түйіндейді Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі өкілдері. Демек, бүгінде Қазақстан ғарыш секторы өзге елдің жетегінде кеткен кеңістік емес, нақты есепке құрылған салаға айналып келеді деп нық сеніммен айта аламыз.

ЗЕРДЕ

11 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Ұстазды «подписчиктерімен» бағалайтын қоғам пайда болды. Ғаламторсыз бойына ас батпайтын жастар солардың арасынан өздеріне ұнағандарын «ұстаз» санап, табынып жүргендері де жетерлік. Бұрын ұлт ұстаздарының еңбектерін оқып-біліп, таным көкжиегін көркейткен жұрт біртуар перзенттерді өздеріне ұлық ұстаз ретінде көріп, «болмаған бөкейхановтар» мен «әлжуаз әуезовтерге» дес бермейтін. Қазір екпіндеген эгоның кесірі оған иек те қақтырмайды.

Интернетте діни бағытта уағыз жүргізетін тұлғаларды ұстаз санайтындарға не дерінді білмейді екенсің?! Жап-жас өскіннің ғаламтордағы бәзбіреулердің пікірлеріне құдайдай сеніп, соларды мұғалімнен артық қоятыны күн санап көбейіп келеді. Ұлт ағартушыларының еңбектеріне бас қатырмайтындардың педагог қызметіне салғарт қарайтыны анық.

Кезінде әлемнің «Екінші ұстазы» әл-Фараби туралы роман жазған Әнуар Әлімжанов қазақтың «ағартушы» деген ғажайып сөзін орыс тіліне аудару мүмкін емес екенін, «просветляющий, отбеливающий» деген сөзбе-сөз аудармасы мағынасын толыққанды бере алмайтынын жазғаны бар. Демек, «Ұстаз» ұғымының астары өте ауқымды.

Ежелгі Грекиядан шығып «бала жетектеуші» мағынасын беретін құлға айтылған «педагог» сөзі білімсіз, үйге және балаға деген шексіз адал, мектеп ішінде де, одан тыс жерде де баланы қорғау негізгі міндеті саналған қарулы адамдарға арналған. Шығу тарихы осындай жағдаятқа тиесілі педагог замана ағысында басқа маңызға ие болды. Қазақ халқы оның мәнін арттырып, әркімнің педагог болуға мүмкіндігі бар екендігін, ал олардың ішінен ұстаз болып шығудың кім көрінгенге бұйыра бермейтін бақ екенін айшықтап берді. Яғни, «Ұстаз», «Ағартушы» деген ұлық атаулар жайдан жай берілетін құрмет емес. Біз осы кастерлі ұғымның қасиетін тарих қойнауында қалдыруға еш бейіл болмасқа, мектептегі ең қадірлі мамандықтың енді қасиетін барынша оралтқанмыз жөн.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев педагогикалық мамандықтардың мәртебесін көтеруде алдымызға үлкен міндеттер қойып отыр. Ақпараттық технологиялар түрлі тәуекелдерді тосыннан туындатқан тұста, жасанды интеллект дәуірі күн сайын жаңалық әкеліп жатқан сәтте болашақ қоғам мүшелерін тәрбиелеп шығаратын ұлт тәрбиешілеріне артылатын жұқ пен жауапкершілік орасан.

Ел Президентінің: «Мен Қазақстан ұстаздарының қажырлы еңбегін жоғары бағалаймын, сіздер жас буынға беріп жатқан білімнің күшіне сенемін. Шын мәнінде, ұстаздық — жай мамандық емес, бұл — ұлы миссия. Адам қандай жетістікке жетіп, биікке шықса да, ұстазының алдында өмір бойы шәкірт болып қалады. Қазақстанның жарқын болашағы Сіздердің табанды еңбектеріңізге тікелей байланысты. Себебі сіздер тұтас ұлтты оқытып, тәрбиелеп жатсыздар. Осы жауапкершілікті терең сезініп, кастерлі міндетті абыроймен атқара бересіздер деп сенемін. Сіздердің еңбектеріңіз ең жоғары құрметке лайық», — деуі бекер емес.

Мемлекет қазіргі уақытта жоғары білім мәселесіне, мамандық даярлау ісіне аса құнтты қарап отыр. Жасырағы жоқ, Қазақстан жана даму кезеңіне қадам басты. Жаңа Конституцияда ғылым, білім және инновация ел дамуының бас-

Ұстазды әлеуметтік желіден емес, мектептен іздеу қажет. Виртуалды өмірде «жауынан кейінгі қаптаған саңырауқұлақтай» коуч, ментор секілді түрлі «педагогтардың» көбеюі қоғамдағы біртұтастық пен ұрпақтар сабақтастығына үлкен нұқсан келтіріп отыр. Діни экстремизм бағытындағы «ұстаздардың» да гаджет экрандарының ар жағында отырғанын жоққа шығара алмаймыз. Жастар неліктен «Ұстаз» деген ұлы есімді басқаша түсіне бастады? Оны неліктен әлем желіден тауып жүр?

«ҰСТАЗ» ДЕГЕН ҰЛЫ ЕСІМДІ МЕКТЕПКЕ ҚАЙТАРУ КЕРЕК



ты стратегиялық бағыттары ретінде бекітіліп, мемлекеттік саясаттың басымдығына айналды. Сондықтан алдағы уақытта жоғары білім мен ғылым саласында үлкен өзгерістер орын алмақ.

Мемлекеттік саясаттың өзегінде азаматтардың зияткерлік әлеуетін дамыту, кәсіби құзыреттерін арттыру, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру және жана технологияларды игеру қабілетін күшейту мәселелері тұр. Президент тапсырмасына сәйкес, технологиялық өзгерістер мен саяси реформаларды жүзеге асыруда білім беру және кадрлар даярлау жүйесін трансформациялау жүзеге асырылмақ. Цифрландыру, жасанды интеллект жағдайында білім беру жүйесінің жаңа технологиялар мен заман талаптарына сай болуы шешуші факторға айналады.

Үкіметтік деңгейде кадрлық мәселелер бойынша отандық 73 мың кәсіпорынды қамтитын сауалнама жүргізіліп, уақыт талабына сай бәсекеге қабілетті мамандар даярлау жұмысы қолға алынды. 700-ге жуық білім беру бағдарламасы қысқартылып, оның орнына ақпараттық технология мен жасанды интеллектке негізделген 21 басым бағыт іске қосылмақ. Сонымен қатар 35 бағыт бойынша білім беру бағдарламалары жан-жақты жаңғыртудан өтіп, тәжірибеге бағдарланған оқытуға басымдық беріледі.

Алдағы уақытта педагогикалық білім беру саласы ерекше назарға алынады. Яғни, заманауи ұстазға жүктелер жауапкершілік айрықша. Олар білім беріп қана қоймай, рухани құндылықтар мен Әділетті Қазақстан идеологиясының, жана технологиялардың, оның ішінде жасанды интеллект, цифрлық ортадағы этика мен қауіпсіздіктің, экожүйенің жетекшісі болмақ.

Педагогика саласы күн өткен сайын ақпараттық прессингті



көру арқылы қабылдауға үйренсе, ал жазып жеткізуге машықтанбаса, оның ойлау жүйесі үсірт қалыптасуы мүмкін. Мұндай жағдайда білім сырттай бар сияқты көрінеді, бірақ оның тереңдігі жеткіліксіз.

Әсіресе, эссе мен шығарма жазу — шығармашылықтың көрінісі. Жазу барысында білім алушы тек ақпаратты қайталап қана қоймайды, өз көзқарасын білдіреді. Өз тәжірибесін, дүниетанымын, ой-толғанысын сөз арқылы жеткізеді. Осы арқылы өз ойын жүйелеуге үйренеді. Шығарма жазбаған бала өз ойын ұзақ әрі нақты жеткізуге қиналуы мүмкін. Бұл оның болашақтағы кәсіби қызметіне де әсер етуі ықтимал. Ал жасанды интеллект мәтін құрастыра алады, бірақ ол адамның ішкі сезімін, өмірлік тәжірибесін алмастыра алмайды. Ол қуаныш пен сағынышты, алақоніл мен үмітті адамның жүрегіндей сезінбейді. Қағазға түсіру арқылы адам өз жан дүниесімен жұмыс істейді. Егер бала дайын мәтінге үйренсе, ол ойланудан да, сезінуден де алыстай бастайды. Бұл — тұлғалық дамуға тікелей әсер ететін құбылыс. Сонымен қатар қате жіберсе, оны түзетуге тырысатын, мәтінді қайта қарап, өңдеуге үйрететін, тіл ұстартып, сауаттылыққа жетелейтін шығармашылық жұмыс білім алушыны жауапкершілікке жетелейді.

Жаһандық жасанды интеллект дәуірінде және жаңарған саяси реформалар кезеңінде педагогика саласына уақыттың талабы мен мемлекеттік саясаттың маңыздылығына сәйкес жауапкершілік те биіктей бермек. Ең алдымен, дүниежүзі бетпе-бет келіп отырған ЖИ дәуірінде өскелең ұрпаққа білім беру әдістемесі өзгертінді анық. Кешегі төрткүл дүниенің сан түрлі деректерін жеткізетін «Ол кім, бұл не?» энциклопедиясының орнын өп-сәтте кез келген сұрағына жауап беретін ғаламтор мен жасанды интеллект басты. Соған сәйкес, ақпараттық қолжетімділік деңгейі артқанымен, оны синтездеу әркімнің өз еркіне байланысты. Бүгінгі баланың техниканы меңгеру шеберлігі әлдеқайда жоғары, кейбір ересектерден де асып түсері анық. Сондықтан мұғалім — баланың алдында барлық қырынан озық, үлгі тұтатын маман болуы қажет.

Қазіргі уақытта баланың білімге деген қызығушылығын арттыру, гаджеттегі қызылды-жасылды ойын-сауықтан алшақтата алатын әдістеме керек. Жасанды интеллект құралын жетік меңгерген, зияткер-

лік әлеуеті жоғары педагогтың бәсі жоғары, беделі биік боларын уақыттың өзі көрсетіп тұр. Яғни, бүгінгі ахуалға, тенденцияға бейім-деле білу әрқашан маңызды.

Рас, мұғалім деген — мамандық, ұстаз деген — ұлылық. Аражігін айырап болсақ, ұстаз — адамның өміріне ұстын болатын, болмыс-бітімі, пайым-парасатымен баланың тұлға болып қалыптасуына септігі тиетін жан.

Әлеуметтік желі арқылы ақпаратты сіңіруге үйренген жұрт су сіңіргендей, хабарды құлақпен немесе көзбен қабылдауға дағдыланып барады. Ол үшін басқа біреу іздену керек, ең қажет дүниені қызқаша жүйелеп беру керек, бұл — даярға майяр. Ізденімпаз кешегі оқырман бүгінгі тыңдарман мен көрермен болуға көшті.

Білімге құштар, талдауды өзі жасауға тиіс қазақ оқырманынан тыңдарман мен көрерменді тудырудың тиімсіз жағдайы көп. Оны Мемлекет басшысы да дөп басып айтты. Жасанды интеллект құрал ғана болып қалуы керек. Президент тапсырмасына сәйкес, еліміздің ғасырға жуық тарихы бар тұңғыш университеті — Абай атындағы ҚазҰПУ жана оқу жылынан бастап педагогикалық мамандықтарды оқытуда аса қажетті тұңғыш жоба — Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетін ашуды жоспарлап отыр. Мақсат — «жаңа буын» аталатын «цифрлық педагогтарды» даярлау. Яғни, онда технология мақсат саналмайды, ақпараттық технология мен жасанды интеллект арқылы білім беруді күшейту жағы қарастырылады. Сондай-ақ педагогикалық білім беру жүйесіне цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті тиімді енгізе алатын, сыни ойлайтын, әдістемелік тұрғыдан мықты мұғалімдер мен зерттеушілерді сомдап шығару. Бұл факультет — технология арқылы сапалы оқыта алатын мұғалімдерді қалыптастыратын орталық болуға тиіс.

Педагогикалық бағытта әлемдік деңгейдегі көшбасшы университеттердің арасында 41-орынға тұрақтаған Абай университеті — құндылықтардан тұрғызылған мұнара емес, өткен тарихи жетістіктер мен жанаша ойлауға трансформациялаудың арасындағы алтын көпір. Ұлттық болмысын берік ұстана отырып, шәкірттерге жаһандық жасанды интеллект қуаттарын игеру жолын ұсынбақ.

Түсінген жөн, жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды, ЖИ оны қара жұмыстан босатып, бірақ зор жауапкершілік жүктейді. Біздің мақсат — ЖИ-мен жекпе-жек ұйымдастырып, жеңу емес, оны басқаратын әрі дербес ойлауда талғамын жоғалтпайтын Ұстаз қалыптастыру. Өйткені жүрек пен сезім берілмейтін ЖИ-ді «мылтықсыз майданда» сапалы игеруге Абайша айтсақ, «толық ұстаздың» ғана қауқары жетеді.

Адам алгоритмі жасанды зердеге сауатты промт-жолдарды көрсете отырып, дирижерлік етуге ұмтыла бастады. Ол сапалы да сауатты, парасат-пайымы биік, ішкі мәдениеті жоғары, білімі мен білігі мол мұғалімнің ғана қолынан келері сөзсіз. Себебі кез келген тұлға ұстаздың алдынан өтеді. Ал ондай жағдайда қоғам алгоритм тетіктерін игерген ұстазды ғаламтордың қалтарыс-бұлттарысынан емес, мектеп пен университеттен ғана іздейді.

Болат ТІЛЕП,
Абай атындағы ҚазҰПУ
Басқарма Төрағасы-Ректоры

12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

11 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Қазақ әйелдерінің ғылым мен қоғамдағы орны – ұлттың өркендеу деңгейін айқындайтын маңызды көрсеткіш. Ғылыми-зерттеу саласында еңбек ететін мамандардың шамамен 55,6 пайызы – әйелдер. Бұл көрсеткіш бүгінде елімізде ғылым жолын таңдаған әйелдердің қатары айтарлықтай артқанын көрсетеді. Қазақстан ғылымының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген көрнекті ғалым, биотехнология саласының білгірі Күнсұлу Закариямен сұхбаттастық. Кейіпкер әңгіме барысында өз тәжірибесіне сүйене отырып, ғылымдағы кездесетін кедергілер мен мүмкіндіктер, STEM саласына қыздардың батыл қадам басуы туралы айтты.



– Күнсұлу ханым, қазақ ғылымында жүрген қазақ қыздары көп емес секілді. «Білім – инемен құдық қазғандай» дейтін халық мақалы ғылымға қатысты да айтуға болады. Осы бір қиын саланы таңдауыңыздың сыры неде?

– Қазақ ғылымында жұмыс істеп жатқан қазақ қыздары көп екен. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның соңғы деректері бойынша Қазақстан ғылымындағы әйелдердің үлесі 55,6%-ды құрайды, бұл – өте жоғары көрсеткіш. Салыстыру үшін – Латын Америкасы елдерінде – 45-55%, Еуропада, Қытайда және Ресейде – 30-40%. Әйелдердің ең аз саны АҚШ-та (20%) және Жапонияда (14%).

Парадокс мынада: Қазақстанда ғылым саласындағы әйелдер санының басым болуына қарамастан, олардың көпшілігі төменгі және орта деңгейлерде қалады, ал ғылыми-зерттеу орталықтары мен институттарын басқару деңгейіне аз ғана бөлігі жетеді.

Дамыған елдерде ғылымда, әсіресе STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) саласында әйелдердің үлесі төмен. Оның себебі құрылымдық кедергілерге, әлеуметтік стереотиптерге және әйелдердің мансапты отбасымен біріктіру қиындықтарына байланысты. Сондықтан уақыт өте келе олардың бір бөлігі ғылымнан кетеді. Білім берудегі теңдікке қарамастан сексизм, менторлардың болмауы және еңбекке алшақтығы әйелдердің басшылық позицияларға ілгерілеуіне кедергі келтіреді.

Дамыған елдерде ғылым саласындағы әйелдер үлесінің төмен болуының бірқатар жүйелі себептері бар. Соның ең бастысы – «қайшы әсері» деп аталатын құбылыс. Яғни, ғылыми мансаптың жоғары сатыларына көтерілген сайын әйел зерттеушілердің саны күрт азаяды. Статистика да осыны айқын көрсетеді: жоғары оқу орындарын тамамдаған түлектердің шамамен 53 пайызын әйелдер құрағанымен, ғылыми-зерттеу саласында олардың үлесі небәрі 28-30 пайыз шамасында қалып отыр. Әлеуметтік стереотиптер

бойынша қыздар бала кезінен бастап STEM салаларымен аз танысады, ал ғылыми-зерттеу мансабы көбінесе «ер» мамандығы ретінде қабылданады. Одан бөлек, жоғары академиялық ұтқырлыққа қойылатын талаптар, ұзақ жұмыс уақыты және ұзақмерзімді жобаларда жұмыс істеудің балаларды дүниеге әкелумен үйлесуі қиын. STEM ғылымындағы әйелдер көбінесе ұлы ортаға, жалдау және жылжыту кезінде біржақтылыққа, сондай-ақ әріптестерінің қолдауы да аз. Жоғары басшылық лауазымдардағы (ғылыми-зерттеу институттарының директорлары, профессорлар, зертхана меңгерушілері) әйелдер санының аздығы жас әйел зерттеушілерге үлгі болатын тұлға қалыптастыра алмай отыр.

Бала кезінде жасөспірім қандай маман иелері көп көреді: тәрбиеші, мұғалім, дәрігер, полиция және басқалар. Менің ойымша, баланың «Мен ғалым болғым келеді» деп айтуы сирек, себебі бұл мамандықты жас кезінде түсіну қиын. Мен де ерекше болмадым, бала кезімде ғалым болуды армандаған емеспін, менің басқа армандарым болды. Тағдыр мені біртіндеп ғылым әлеміне әкелді. Бұл менің «мандайыма жазылған» деп ойлаймын.

ҒЫЛЫМ ҮНЕМІ ЖАНАРЫП ОТЫРУҒА ТИІС

– Биотехнология саласында жүрген қазақ ғалымдары көп пе? Бұл саланың қиындығы қандай?

– Соңғы онжылдықта биотехнология мамандығы бойынша студенттерді қабылдау жыл сайын артып келеді. Оқуды бітіргеннен кейін кейбіреулері ары қарай жалғастырады. 2025 жылы «Биотехнология» бағдарламасы бойынша магистратура мен PhD докторантураға грант саны 170 адам болса, қалғаны ақылы оқуға түсіп, нәтижесінде шамамен 250-дей бала оқытылады. Бұлар жыл сайын ғылымға келіп, ғалымдар қатарына қосылуы мүмкін. Осыдан бір сұрақ туындайды, егер бізде биотехнология жеке ғылым ретінде тіркелмесе, бізге осындай көп биотехнологтар дайындау керек пе? Бұл нені білдіреді? Бұл дегеніміз – химия, мұнай, құрылыс, ауыл шаруашылығы және басқа да салалар бар да, бірақ биотехнология қызмет түрі ретінде жоқ.

Биотехнология – күрделі ғылым, өйткені ол жасушалық және молекулалық биологияның, молекулалық генетика мен инженерияның, биохимия мен биоорганикалық химияның қиылысында орналасқан. Биология, химия және техника қиылысында пәнаралық білімдерді меңгеру қажеттілігіне байланысты биотехнологтарды дайындау өте күрделі. Студенттер қарқынды теориялық біліммен, зертханаларда жұмыс істеу кезіндегі қатан қауіпсіздік талаптарымен, ұзақмерзімді оқытумен және үнемі технологиялық дамумен бетпе-бет кездеседі.

Кез келген ғылым сияқты биотехнология да үздіксіз дамып, бұрын-соңды болмаған биіктерге жетіп келеді. Осылайша, соңғы онжылдықтарда табиғи түрде клондау деңгейіне жетіп, бұл салада белгілі бір жетістіктерге қол жеткізді. Адамның өмірлік маңызды мүшелерін (бауыр, бүйрек) клондау емдеуге, толық қалпына келтіруге және өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.

Бүгінде биотехнология жаңа әдістерді үнемі зерттеуді қажет ететін қарқынды дамып келе жатқан сала болып есептеледі, сондықтан білім тез ескіруге бейім. Университет оқулықтары мен оқу құралдары жаңа білімді көрсету үшін жаңартылып үлгермей жатады, сол себептен түлектер қазіргі жағдайға сәйкес келмейтін ескі оқулықтарды қанағат тұтады. Оның үстіне, биотехнологты даярлау тек интеллектуалдық күш-жігерді ғана емес, сонымен қатар заманауи жоғары технологиялық жабдықтармен жұмыс істеуді де қажет етеді. Сондықтан биотехнология бағдарламаларын ұсынатын университеттерге оқу әдебиеттері мен жабдықтарын жүйелі түрде сөзбай жедел жаңартуға кеңес берер едік.

– Жалпы, ғылымға келу жолыңыз қалай басталды? Әдетте, ата-аналар балаларының ғалым емес, мұғалім, дәрігер болатынын қалайтын еді. Сіздің ата-анаңыз таңдауыңызға қарсы болмады ма?

– Бұл шешімге ешкім және ештеңе әдейі әсер еткен жоқ. Менің анам Жансұлу Әбутәліпқызы жарты ғасырға жуық химия-биология пәнінің мұғалімі болды. Құрметті ұстаз, ұстаз-методист, еңбек ардагері. Мен 5-6 жаста едім, оқу мен жазуды бұрыннан білем. Жазда балабақша жөндеуге жабылып, мені үйде қалдыратын ешкім

болмағандықтан, анамның сыныбының артқы қатарында отыратын едім. Химия емтихандарына дайындалатын кез де келген. Анам 8-10 сынып оқушыларына процессті формулаларды тағы да түсіндіріп жатты. Ең таңғаларлығы, мен оның түсіндірмелерін түсінетін сияқтымын (ол менің анам болғасын түсінген шығармын) немесе формулаларды түсінбей автоматты түрде жаттап алуым да мүмкін, қазір нақты есімде жоқ.

Анам әлі күнге таңғалатын бір қызықты оқиға болды. Соңғы партада жанымда жоғары сынып

**Күнсұлу ЗАКАРИЯ,
ҒАЛЫМ:**

жылға жуық жалақы алмай, азық-түлік талондары арқылы тамақ алып жүрдік, жарық кезекпен ажыратылып тұрған, үлкен күйзеліске тап болдық. Ғалымдардың ғылымнан жаппай кеткен мезгілі болған, барлығы тамақ пен жақсы өмір іздеді. Әрине, сонау ауыр кезеңде, жалақы мен зейнетақы тұрақты төленбеген 90-шы жылдар басында ғылымды қаржыландыру болмаған. Біздің топ, барлығымыз бесеуміз, өзіміздің онсызда аз қаражатымыздан бөліп, біріктіріп реактивтер, материалдар, мал азығы және зертханалық жануарлардың өзін сатып алып жүргенбіз. Көбі, бізді ақыл-есі сау емес деп санаған да болар. Бұл кезеңде адамдар тіпті азық-түлік таба ал-

Жүйе ҒЫЛЫМ



оқушысы отырды, ол химияны көп түсіне бермейтін. Бақылау жұмысында химиялық формулаларды қалай жазатынын білмей отырған еді. Мен, 6 жасар бала, оған жауап беруге көмектестім. Жақсы баға алғаннан кейін, анам одан кімнен көшіріп алғанын сұрайды. Ол: «Сіздің қызыңыздан», – деп жауап берді. Анам оған сенбей, бұл жауапты өзі деп қабылдап, қоя салды.

Айтпақшы, студент кезімде Мәскеудегі химия пәнінен Бүкілодақтық олимпиадаға қатысып, өз секциясында бірінші орынға ие болдым, ол кезде бұл керемет жетістік болып саналып, мені факультетте салтанатты түрде қарсы алды. Менің студенттік жұмысымның жетекшілері: химия ғылымдарының докторы, профессор Нұрым Бөкейханов (Әлихан Бөкейхановтың немере інісі), оның жұбайы, химия ғылымдарының кандидаты Инна Чмырь және химия ғылымдарының докторы, профессор Арыстан Сәрсенов болды. Кандидаттық диссертацияны орындау қиын 90-шы жылдардың басына тура келді. Бір

май жатқан, біз өз тамағымыздан жырып, оны зертханалық жануарларға бердік. Ал бұл оншақты емес, бірнеше есе көп жануар және оларды нұсқауларға сәйкес толық тамақтандыру керек болды. Егер эксперимент іске аспаса, жаңасын сатып алып, бәрін қайта қайталауға тура келетін еді.

Жалпы, менің ата-анам өмірлік таңдауымызға ешқашан қысым көрсеткен емес. Әкем мен анам түрлі жағдайда қалай әрекет ету керектігін түсіндіріп, бағыт-бағдар беретін, бірақ соңғы шешімді өзімізге қабылдауға мүмкіндік жасайтын. «Ойлан, дұрыс таңдау жаса, оның жауапкершілігін де өзін арқалайсың» деген ұстаным біздің әр қадамымызды саралап, болашағымызды бағамдауға үйретті. Осындай тәрбиенің арқасында жауапкершілік сезімі ерте қалыптасты.

**QAZVAC-қа
КЕЙ ҒАЛЫМДАР СЕНБЕДІ**

– Ковид Қазақстанды ғана емес, әлемді дүр сілкіндірді. Ковидке қарсы вакцина жасау ғалымдарға беріл-

12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

11 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

ген ең үлкен мүмкіндік еді. Бір сөзіңізде: «Өз вакцинамызды Qaz-Vac әзірлеп, адамзатты қорғау үшін барымызды салдық», – деген едіңіз. Зерттеу барысында қиындықтар көп кездесті ме?

– Коронавирус инфекциясына қарсы QazVac вакцинасын әзірлеу процесінде ең қиындығы – отандық ғалымдардың күшіне сенбеу болды. Парадокс, біраз жекелеген ғалым әріптестеріміз де бізге сенбеді.

Тағы бір қиындық, сол кездегі антиваксерлермен сот процестері күрделі болды. Қазақстанның солтүстік аймақтарынан келген 20-60 адамның бірнеше топтық талап арыздарының кесірінен бір

сақтау жүйесін 1-ші жетілу деңгейінен 2-деңгейіне, одан әрі 3-деңгейіне өтуіне қарқынды еңбек жасадым. Егер кезінде 3-ші жетілу деңгейіне жеткенде, отандық дәрілік өнімдерді тіркей алар едік. Қазіргі уақытта Қазақстанда ДДҰ-да тіркелген бірде-бір отандық дәрі жоқ. Ғалымдар не фармкомпаниялар өз бетімен Денсаулық сақтау министрлігі көмегінсіз, бұл күрделі сұрақтарды шеше алмайды. Отандық дәрілерді халықаралық дәрежеге көтеру үшін Денсаулық сақтау министрлігі бұл мәселені тез арада қолға алып шешуі керек деп ойлаймын.

– Қазақ ғылымының даму деңгейі туралы әртүрлі пікірлер айтылады. Тіпті, мықты ғалымдары-

тегенді қалайды. Ол мықты ғалымдармен жұмыс істеп, қуатты жабыдықтармен, озық зерттеулермен айналыса алады әрі жалақысы да жоғары. Ол әлі жас, кәсіби өсуге құштар, үлкен ғылыми жетістіктерге жетуді армандайды. Ғылымда қандай мәселелер болса да, қандай қиындықтар болса да, біз ғылымды көтеруге міндеттіміз, өйткені мықты ел – ол ғылыми базасы дамыған, заманауи және технологиялық жағынан тәуелсіз ел.

– Жас ғалымдардың, яғни жастардың ғылымға көптеп бет бұруына жағдай жасалған ба? Жалпы, жастар ғылымға қызыға ма?

– Ғылымды дамыту Қазақстан үшін басты басымдықтардың бірі



– Әкемнің әкесінің аты, яғни туған атамның аты – Закария. Білетін шығарсыздар, Аллаһтың жіберген шын пайғамбарларының бірі – Закария (ғ.с.) еді. Атам Закария Қалиұлы (1900-1936) жоғары білімді адам болған, Орынбор мен Саратовтағы семинарияларда оқыған, Ленинград халық шаруашылығы институтын бітірген (қазір бұл Санкт-Петербург мемлекеттік экономика университеті (СПБГЭУ), «Астық шаруашылығының экономисі» мамандығы бойынша (1925-1931), «Еңбекшіл Қазақ» газетінің корреспонденті болған, Қазақ камсыздандыру халық комиссариатының (КазНаркомСнаб) өнеркәсіптік тобының бастығы болды (1931-1933), 1930 жылдардағы аштықпен күресуге қатысты.

Отбасылық аңыз бойынша, әкемнің атын атам студенттік досы Дальтонның құрметіне қойған. Әкем 1934 жылы дүниеге келген, екі жасында әкесіз қалғандықтан, бұл әңгімені өзі ести алмады. Таныстары, достары есімін қазақ тіліне ауыстыруды бірнеше рет ұсынды. Бейтаныс адамдар осы атпен мүлдем мазақтап, әзілдеген де екен. Бірақ Дальтон есімі – бұл әкесінен қалған жалғыз мұра еді. Әкем мен анам жағынан жетінші буынға дейінгі ата-бабаларымыз – қазақтар. Анам – батыстың қазағы, рухы өте мықты, батыл, турашыл, талапшыл, қайсар, жауынгер мінезді. Мен өз халқымды өте жақсы көремін және қазақ болғанымна, Ұлы даланың қызы екеніме мақтанамын.

– Егер сіз биотехнология саласын таңдамағанда, қай салаға бет бұрар едіңіз?

– Егер мен бала шағымда әскери, сарбаз болғым келді десем, таңғалатын шығарсыз. Әкем: «Генерал болуды армандамайтын сарбаз – жаман сарбаз» деп жиі айтатын. Ал мен генерал болуды армандадым (күледі). Шынымды айтсам, мен ағаларымның ортасында өстім, сондықтан да болар, күш құрылымдарына бала кезімнен тартылдым: әскери, милиция, ғарышкер. Мектепте алғашқы әскери дайындық (НВП) пәні ұнады, сабақтарда Калашников автоматын тез бөлшектеп, қайта жинап жүрдім. Маған әскери-патриоттық «Зарница» ойыны қатты ұнайтын еді. Жыл сайын ГТО (еңбек пен қорғанысқа дайындық) нормативтерін тапсырдым. Бір жылы ГТО-ның 1-ші норманың орнына 2-ші нормадан өттім, мен үшін бұл өте ауыр жағдай болды.

Бала кезімде де, қазір де әскери шерулерді қарағанды ұнатамын. Мен әртүрлі елдердің әскери шерулерін тамашалаймын. Қытайдағы әскери шеруге қыздардың дайындығы мен әскери қалпы мені тан қалдырады. Өкініштісі, біздің заманда қыздарды әскерге ал-

маған. Менің ойымша, мен әскери борышымды оңай өтейтін едім. Бірақ тағдыр басқаша шешті, биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатыстым.

Жақында әскери қыздарымыз қатты қуантты. 2026 жылдың ақпан айында Қазақстанның әскери қыздарының арнайы жасақтары халықаралық жарыстарда керемет күшін көрсетіп, әлемдегі ең үздік деп танылды. Менің ойымша, өз Отанымды және өз халқымды қорғау, сарбаз болу – ұлы міндет!

– Ғылымға жаңа келген жас буынға не айтар едіңіз?

– Армандаудан қорықпау керек, арман адамға шабыт береді. Қиындықтан қашпай, еңбек етуден ерінбеген жөн. Өйткені дәл сол қиындықтар мен тынымсыз жұмыс адамды шыңдап, қажетті тәжірибе мен дағдыны қалыптастырады. Өмірде биік мақсат қойып, соған дұрыс жолмен ұмтылу маңызды. Оқу мен еңбекті жүрек қалауымен, қуанышпен атқару – табысқа бастайтын басты шарттың бірі. Ең бастысы – сенім. Білімсіз, сенімсіз, сабырсыз және ерік-жігерсіз адам ешқандай нәтижеге жете алмайды.

– Әлемдік рейтингте есіміңіз жазылды. Ендігі ойыңыз қалай? Сіз армандаған ең ұлы мақсат қандай?

– «Армансыз адам – алысқа бармас» деген макалдың астары терең. Мақсаты жоқ, үмітсіз адам өзін азғыруға, рухани азғындауға бейім тұрады, бұл діни танымда «үмітсіз – шайтан» деген ұғыммен үндеседі. Арман – адамды алға жетелейтін күш, ал оның жоқтығы өмірдің мәнін жоғалтады. Жасым 60-қа жақындаса да, әлі көп нәрсені үйренгім келеді. Бүгінде биология ғылымы күн сайын дерлік әлемде жаңа ашылулар мен әзірлемелермен серпінді дамып келеді. Биотехнология және биофармацевтика дүниежүзіндегі көптеген жетекші елдерде орасан зор табыс әкелетін экономиканың қарқынды дамып келе жатқан секторлары болып саналады. Бұл елдерді қуып жету – үлкен сынақ. Қанша артқа қалсақ та, бар күшімізді салып, алға ұмтылуымыз керек. Біздің бір орында тұрып қалуға құқығымыз жоқ.

Жаңа Конституцияда ғылымның, білім беру мен инновацияның дамуы конституциялық басымдыққа ие болды, бұл отандық ғылымның дамуына үлкен серпін береді деп есептеймін және Қазақстанның жоғары технологиялық және индустриалдық болашағы жарқын болады деп сенем.

– Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

Баюу болса, ТЕЖЕЛЕДІ

минут бос уақыты жоқ маған сот отырыстарына қатысуыма тура келді. Интернетті ашсаңыз, өзіңіз де көресіз. Полиэмелит ауруы туралы қарасаңыз, қаншама адам мүгедек болды, біз тек вакцинаның көмегімен ғана жеңіске жеттік. Ал жүздеген миллион адамды қырған оба мен кара шешек вакциналардың көмегімен ғана токтатылды. Денсаулық сақтау министрлігінде, ұлттық дәрілік заттарды сараптау жөніндегі мемлекеттік сараптама ұйымында ешкім жауапкершілікті өз мойнына алғысы келмеді, барлығы жоғарыдан тапсырма күтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың вакцина жасау, ережелерді өзгерту, иммунобиологиялық зауыт салу және отандық ғалымдарға әлеуметтік қолдау көрсету туралы тапсырмасынан кейін ғана істер алаңа жылжып, процесс басталды. Шын мәнінде, Мемлекет басшысының көмегі мен қолдауы болмаса, Qaz-Vac вакцинасы болмас еді және біз миллиондаған адамның өмірін сақтап, қала алмас едік.

Сонымен, 2021 жылы Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесі ең төменгі деңгейде, яғни 1-деңгейде болды. Бұл 30 жылдан астам уақыт бойы денсаулық сақтау стандартын көтеруді ешкім ойламағанын білдіреді. Ол кезде Премьер-министрдің орынбасары Е.Тоғжановтың басшылығымен процесс орнынан жылжып, 2022 жылы денсаулық сақтау жүйесі ДДҰ-ның жетілгендігінің 2-ші деңгейіне көтерді. Жол картасы жасалды, ол бойынша Денсаулық сақтау министрлігі 2025 жылы жетілудің 3-деңгейіне өтуге тиіс еді. Бірақ пандемия біткен соң, Жол картасы аяқсыз қалды.

Мемлекет басшысының кеңесшісі болған кезімде бұл сұрақты қайта көтердім әрі жұмыс барысын қадағаладым. Осы жақын күндері ғана 2026 жылдың 30 наурызында отандық денсаулық сақтау жүйесі жетілгендігінің 3-деңгейіне ие болды. Бұл жетістікке жеткенше, қаншама теріс пікірлерді естідім, «осы сізге не керек?» дегендер де болды.

Дегенмен түрлі пікірлерге қарамастан, отандық денсаулық

мыздың шетелдерге жиі кетіп жатқаны туралы да сөз көп. Шын мәнінде, елімізде ғылымға, ғылымның дамуына деген көзқарас қандай?

– Соңғы жеті жылда Қазақстан ғылымында көп институционалды жақсы нәрселер жасалды. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң қабылданды, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы құрылды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым кеңесі құрылды. 2025-2027 жылдарға арналған қолданбалы ғылымға мемлекеттік қаржыландыру 531,1 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды.

Сонымен қатар шешілмеген мәселелер бар. Ондаған жылдар бойы жинақталған проблемаларды бірден шешу қиын, бірақ оларды асығыс емес, керісінше саналы, әдістемелік және жүйелі түрде шешу керек деп ойлаймын. Тәуелсіздік алған 30 жылдан астам уақыт ішінде ғалымдарымыз алдына нақты нәтижелерге қол жеткізіп, экономикаға нақты үлес қосу міндетін ешкім қойған емес. Ғылыми ортада «грант жетіштер» деген термин бар, иә, бұл – қорлау, бірақ көп жағдайда бұл – шындық. Ғылыми экожүйені оперативті бақылап, бағыттау (ғылымның қандай экономикаға үлесі, пайдасы бар екенін анықтау үшін) үшін Ғылым министрлігі ғылымды цифрлық форматқа тез арада көшіру керек. Мемлекет басшысының кеңесшісі болған кезімде ғылымды цифрландыру сұрағын ұсындым, қолымнан келгенше қадағаладым. Осы цифрландыру мәселесінде Ғылым министрлігі әрекет етіп жатыр, бірақ өте баяу.

Неліктен жастар шетелге кетеді? Бұл өте қиын сұрақ. Дәл қазір «ми қуаты» үшін жаһандық бәсекелестік бар. Көптеген елдер талантты мамандарды тартып, жұмысқа алады. Осының аясында бізде білікті ғылыми кадрлардың, әсіресе жастардың кетуі байқалады. Негізінде бірнеше себеп бар. Мысалы, жас ғалым шетелде озық зертханада білім алып, жұмыс іс-

болып саналады. Мемлекет басшысының тапсырмасымен ғылыми-зерттеулерді қаржыландыру ұлғайып, ғылыми ұйымдар жаңғыртылып, шетелде тағылымдадан өтушілер саны көбейіп, ғылымды жастар үшін тартымды етуде. Ғылыми қызметкерлердің саны 25,4 мың адамға жетті, оның 46%-ы – жас ғалымдар.

Мемлекет ғалымдарға, оның ішінде жас ғалымдарға жан-жақты қолдау көрсетуде. Мәселен, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту және жас кадрлардың ғылымға келуін ынталандыру мақсатында 2024 жылы 315 жас ғалым пәтерге ие болды. Оның 290-ы «Отбасы банкмен» бірлесіп жүзеге асырған арнайы ипотекалық бағдарлама



2025-2027 жылдарға арналған қолданбалы ғылымға мемлекеттік қаржыландыру 531,1 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды.

бойынша баспана алса, 25-і тегін алған. 2025 жылдың басынан бері 36 жас ғалым тегін пәтер алды. Бұл – жас ғалымдар үшін өте үлкен қолдау.

Мемлекет басшысының жыл сайын 500 ғылымның әлемдік жетекші ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында шетелде ғылыми тағылымдамадан өту бағдарламасы іске қосылды. Сондай-ақ «Жас Ғалым» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Ғылым докторларын даярлауға мемлекеттік білім беру сұранысы артып келеді. Соңғы жылдары ғылымда жастардың өсу қарқынында айтарлықтай оң үрдіс байқалып келеді.

АРМАНСЫЗ АДАМ БОЛМАЙДЫ

– Сіздің есім-сойыңыз қызық: Күнсұлу Дальтонқызы Закария. Әкеңіздің ұлты қандай?

ТҮЙТКІЛ

11 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

ИНКЛЮЗИЯ:

ШЕКТЕУ ЕМЕС, мүмкіндік

Қоғамдағы ең маңызды тақырыптардың бірі – инклюзивті білім беру мәселесі күн тәртібінен түспейтін деңгейге жетті. Бұрын бұл ұғым тар шеңберде талқыланса, бүгінде мемлекеттік саясаттың өзегіне айналып отыр. Бірақ қағаздағы реформалар мен өмірдегі өзгерістің арасы әрдайым бірдей бола бермейтіні де белгілі.

А Айгүл СЕЙІЛ

Биыл Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайда Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек бүй деді: «Бұрын дәстүрлі педагогикада коррекциялық педагогика сияқты арнайы мамандандырылған бағыттар болған еді. Біз қазір педагогикалық жоғары оқу орындарын бітіріп шыққан әрбір маманды инклюзияның не екенін білуге тек теориялық форматта емес, кез келген баламен жұмыс істеуге, соның ішінде арнайы талабы бар балалармен жұмыс істеуге дайындауымыз керек екеніне көзіміз жетті. Сол үшін оқу жоспарын түбегейлі өзгерттік. Енді инклюзия принциптері, әдістемесі үйретіледі. Бұрын арнайы бағыттарға үйретілген нәрселер енді жаппай үйретіледі. Келесі жылы сол бағдарламамен оқып жатқан студенттер оқу бітіреді. Әрі қарай нәтижесін көреміз».

Бұл мәлімдеме инклюзияның енді жекелеген мамандардың емес, бүкіл білім беру жүйесінің жауапкершілігіне айналғанын көрсетеді. Яғни, «ерекше балаға» арнайы маман ғана емес, кез келген мұғалім дайын болуға тиіс деген жаңа парадигма қалыптасып келеді.

Инклюзивті білім беруді зерттеп жүрген маман Лаура Бұтабаеваның «ФБ» паракшасындағы мына пікірі қоғамның назарын аударуға тұрарлықтай деп ойлаймыз. «Мүмкіндігі шектеулі студент колледжде немесе басқа білім беру ұйымында оқып жүрсе, ол «ерекше жағдай» емес. Ол жай ғана студент. Оның сапалы білім алуы үшін ерекше қарым-қатынас емес, ең алдымен, қажетті жағдайлар жасалуы маңызды. Сонда ол да басқа студенттер сияқты білім алып, дамып, өз мүмкіндігін пайдалана алады. Бұл қағида күнделікті өмірде де дәл солай.

Мысалы, мүгедектер арбасындағы адам кинотеатрға келсе, бұл – аяушылық танытатын жағдай емес. Ол жай ғана фильм көруге келген көрермен. Сіз креслода отырсыз, ал ол өз арбасында отырып фильм көреді. Егер оған қажетті жағдайлар жасалған болса, ол да бәрімен бірге сол кеңіс-

тікте еркін бола алады. Осындай қарапайым дүниелердің өзі инклюзивті мәдениетті қалыптастырады. Бұл – әртүрлі адамдар қоғамның табиғи бөлігі болып саналатын мәдениет. Сондықтан инклюзия тек мүгедектік туралы мәселе емес. Бұл – қадір-қасиет, құрмет және тең мүмкіндіктер туралы. Ол пандустардан басталмайды, біздің адамға деген көзқарасымыздан басталады», – дейді ол.

Шынында да, инклюзия тек инфрақұрылыммен шектелетін мәселе емес. Бұл – ең алдымен, сана мәселесі. Қоғам «ерекше» деген ұғымнан арылып, әр адамды тең қабылдауға көшкенде ғана шынайы инклюзия туралы айтуға болады.

Соңғы жылдары бұл бағытта нақты институционалды қадамдар да жасалып жатыр. 2023 жылы Оқу-ағарту министрлігінің жанынан Инклюзивті және арнайы білім беру департаменті құрылды. Бұл құрылымдық бөлімшенің мақсаты әр баланың



даму ерекшеліктеріне қарамастан сапалы және қолжетімді білім алу құқығын қамтамасыз ету мәселелерін жүйелі шешу болды.

Бір жарым жылдың ішінде атқарылған жұмыстар аз емес. Нормативтік-құқықтық база қайта қаралып, бұрынғыдай фрагменттік сипаттан арылуға талпыныс жасалды. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды бағалаудың бірыңғай тәсілдері енгізіліп, қолдау жүйесі біріздендірілді.

Мектептерде арнайы педагог, педагог-ассистент, жеке көмекші сияқты жаңа



штат бірліктерінің енгізілуі – формалды емес, нақты қолдаудың көрінісі. Бүгінде мыңдаған бала психологиялық-педагогикалық сүйемелдеумен қамтылып отыр. Үш деңгейлі қолдау моделі енгізіліп, жүздеген арнайы кабинет ашылды. Бұл – инклюзияның қағаз жүзінде ғана емес, практикалық деңгейде де жүзеге аса бастағанын білдіреді.

Сонымен қатар халықаралық міндеттемелер де назардан тыс қалған жоқ. БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы аясындағы ұлттық есеп дайындалып, 2025-2030 жылдарға

оқу жылында Алматы қаласы Алатау ауданынан «Бір әлем» инклюзивті мектебі» қоғамдық бірлестігін аштық. Мектептің жанында «Бір әлем» түзету-дамыту орталығы да жұмыс істеп жатыр. Инклюзивті білім берудегі ең маңызды нәрсе – ерекше қажеттілігі бар баланы қоғаммен қарым-қатынас жасауға, ортаға бейімделуге, өз ойын жеткізуге үйрету. Сол кезде олар да өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінеді. Бұл сенім болашақта олардың мамандық таңдауына, жоғары оқу орындарына түсуге, өмірге араласуға, өз бетінше өмір сүруге негіз болады деп есептеймін», – дейді «Бір әлем» инклюзивті мектебі» қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы Ұлбала Бектемір.

Оның айтуынша, ерекше білімді қажет ететін бала-

Тағы бір маңызды мәселе – қоғамның көзқарасы. Көп жағдайда ата-аналар да, қоғам да баланың мүмкіндігін диагноз арқылы ғана бағалап, оның әлеуетін елемей жатады. Ал инклюзияның түпкі мәні – дәл осы стереотиптерді бұзу.

«Бүгінде мектеп жасындағы балалардың уайым-қайғысыз білім алуына ерекше көңіл бөлінеді. Соған сай мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау көп. Әсіресе, бүгінгі қазақ қоғамының іргесі ажырамас бір бөлігі, мектеп жасындағы ерекше білім беруді (еббк) қажет ететін оқушыларға жасалып жатқан игі істерді атап өтуіміз керек. Бұл балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірге өсіп-жетілуі, білім алуы – болашақ жетістіктерге жол ашатын мүмкіндік. Мектеп жасындағы ерекше білім беруді (еббк) қажет ететін оқушыларға білім беру арнайы бекітілген стандарттарға сәйкес, жеке оқу және бейімделген оқу бағдарламасы сынды екі бөлікке бөліп ұйымдастырылады.

Жеке оқитын балаларға да, бейімделген оқу бағдарламасымен оқитын балаларға да мектеп тарапынан ыңғайлы жағдай жасалады. Оларға жеке даму жоспары жасалып, кедергісіз ортада білім алуы қалағалып, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеумен, мониторинг және арнайы бағалау жүргізіле отырып білім беріледі. Жалпы сыныппен бірге, күнделікті, дәстүрлі оқыту формасы ретінде оқу процесі жүргізіледі. Ал сыныптағы оқушылардың ынтымағы, береке-бірлігі, бір-біріне деген ықыласы, жанашырлығы бөлек әнгіме. Арнайы мамандармен қамтылған, адамшылыққа, бауырмалдыққа бейімделген жұмыс нәтижесіз болмақ емес деп есептеймін», – дейді Астанадағы Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мұқият Қойшыбай.

Шынында да, инклюзия тек инфрақұрылыммен шектелетін мәселе емес. Бұл – ең алдымен, сана мәселесі. Қоғам «ерекше» деген ұғымнан арылып, әр адамды тең қабылдауға көшкенде ғана шынайы инклюзия туралы айтуға болады.

ларды шартты түрде жеңіл, орташа және ауыр топтарға бөлу – тек педагогикалық тәсіл. Бірақ бұл олардың мүмкіндігін шектеу деген сөз емес. Керісінше, дұрыс бағыт пен тұрақты қолдау болған жағдайда көптеген бала үлкен жетістіктерге жете алады.

Дегенмен мәселе толық шешілді деуге әлі ерте. Өңірлердегі маман тапшылығы – ең өткір проблемалардың бірі. Дефектолог, логопед, тьютор, аватерапевт, психолог сияқты тар бағыттағы мамандар барлық өңірде бірдей қолжетімді емес. Сонымен қатар өңірлерде мектептердің материалдық-техникалық базасы да әрқелкі. Кей жерде сенсорлық кабинеттер мен арнайы құрал-жабдықтар жетіспейді.

Мұғалімнің сөзінен байқағанымыз, мектептегі инклюзия – тек оқу процесі емес, сонымен қатар әлеуметтік орта қалыптастыру. Балалардың бір-біріне деген жанашырлығы мен түсіністігі. Бұл – кез келген бағдарламадан да маңызды фактор. Қорытындылай айтқанда, Қазақстандағы инклюзивті білім беру жүйесі қалыптасу кезеңінен өтіп, енді сапалық трансформацияға бет алып келеді. Бірақ бұл жолда инфрақұрылым мен заңнан бұрын сана өзгеруі керек.

Өйткені инклюзия – арнайы жағдай жасау емес, қалыпты жағдайды барлық адамға қолжетімді ету. Ал ондай қоғамды құруды тек мемлекетке сүйену қажет емес. Оған қоғамның әрбір мүшесі жауапты болуы керек.

ДАУА

11 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегінше, әлемде шамамен 50 миллионға жуық адам эпилепсиямен күресіп келеді, алайда оның тек 25 пайызы тиісті медициналық көмек алады. Эпилепсия – бұл жас таңдап-талғамайтын созылмалы неврологиялық сырқат. Бүгінде жер бетіндегі әрбір елуінші адам эпилепсиямен ауырады. Елімізде де бұл аурудың қарқыны кейінгі 10 жылда үдеп барады, мысалы 2019 жылғы статистикаға қарасақ, 45 мың адам эпилепсияға шалдыққан, 2025 жылы 95 мыңға жеткен. Оның 40 пайызы – балалар. Мамандар науқас саны бұдан да көп болуы мүмкін дейді.



пайда болатын емделушілер кездеседі. Олардың өмірін жеңілдету үшін осы аппаратты қойсақ, күніне емес, аптасында ғана бірнеше рет ұстама болуы мүмкін. Пациенттің жағдайы қаншалықты жақсаратынын, өмір сапасы артатынын түсінген боларсыз, – деп түйіндеді эпилептолог.

САПАЛЫ ДӘРІ-ДӘРМЕК ЖЕТКІЛІКСІЗ

Әлемде эпилепсияны емдеуге қажет 35-тен астам дәрі-дәрмек бар болса, елімізде соның тек 13 түрі тіркелген. Сол себепті де бізде ұстаманы тоқтату көрсеткіші 70%-дан төмен болып отыр.

– Елімізде тіркеуден өткен 10-13 түрлі ғана дәрі бар. Әлемде небір жақсы көмектесетін препараттар бар, өкініштісі, елімізде олар жоқ. Бізге әкелінетін препараттардың көбі дженерик болып келеді, яғни халықаралық стандарттарға сай дәрілердің аналогы ретінде жүреді. Әрине, оларды жаман деп айтпаймыз, ауруды басып, көмектесетін сапалылары да бар. Бастысы, бәрі де стандартқа сай келеді, әр пациенттің жеке ерекшелігіне, эпилепсияның формасына, ұстаманың түріне байланысты препаратты жеке ұсынамыз. Бір ескеретіні, эпилепсияның структуралық фокальды жағдайында, яғни мидағы түрлі жаракат, ісік, ақаулардан туындаған ошақты ұстамаларды емдеуде дженерик препарат толығымен көмектесе алмайды, – дейді Г.Ибатов.

Дәрігер тәжірибесіндегі жағдайларды баяндай келе, кей пациенттердің оң нәтижеге жетуі үшін шетелдік дәрілерді өз бетінше іздеп-тауып, сатып алып ішетінін де жасырмады. Қаржылай мүмкіндігі бар жандар шетелден дәрісін өзі алдыра алады екен. Ал мемлекеттік тіркеуден өткен 13 түрлі дәрі емделушіге тегін беріледі.

– Еліміз препараттармен қамтамасыз етуге мейлінше тырысады, қазір «СК-Фармация» компаниясы емханаларды дәрі-дәрмекпен жабдықтап отыр. Пациенттердің өзі дәріханалардан тегін аламыз деп айтып отырады, мұның өзі – үлкен көмек. Бұл препаратты пациенттер үзбай сағатымен ішу керек. Бір күн ішпей қоюға болмайды, препараттар да арзан емес. Тұрақты сатып алса, әжептәуір ақшаны талап етеді. Алайда көп препарат бізде жоқ, болашақта болады деген үмітім бар. Шетелдік кейбір препараттар одан да жақсы нәтиже берер еді, – дейді маман.

Бүгінде медицинаның күн сайын дамып келе жатқанын ескерсек, эпилепсияны жеңілдететін өзге де әдістер бар. Мәселен, кето-диета әдісін дәрігермен ақылдаса отыра қолдануға болады. Пациент көмірсумен толықтай бас тартқанда, мидағы қызметі реттеле бастайды. Кето-диетада – медицина ғылымының бір саласы. Демек, эпилепсия да емделетін ауру.

ЭПИЛЕПСИЯ:

А Айсұлу СЪЕЗХАН

АУРУДЫҢ АСҚЫНУЫНА СЕБЕП КӨП

Мамандар дерттің пайда болуын негізгі екі кезеңге жіктейді. Алғашқысы – 10 жасқа дейінгі балаларда анықталуы, яғни бұл кезеңде генетикалық факторлар, инфекциялар немесе босану кезіндегі жаракаттар себеп болады. Одан кейінгісі – адамның 50 жастан асып, егде тартқан шақта кездесуі. Бұл кезеңде ауруға көбіне-көп ми жаракаттары, инсульт, менингит секілді түрлі ауру себеп болады. Ұстаманың пайда болуына ұйқының сапасыздығы, алкоголь өнімдеріне, есірткіге тәуелділік те әсер етеді. Дегенмен де эпилептологтардың айтуынша, жағдайдың 50 пайызында дерттің түпкі себебі белгісіз болып қалады. Невролог, эпилептолог, нейрофизиолог дәрігер, Ұлттық нейрохирургия орталығының профессоры Гаухар Ибатованың эпилепсияның себептері мен негізгі емдеу әдістері жайында әңгіме құрған едік. Жалпы, эпилепсияның дамуына түрлі фактор әсер етеді.

– Аурудың себебі көп болғандықтан да, эпилепсияны полиэтиологиялық ауруға жатқызамыз. Эпилепсияның туабытты және жүре пайда болған түрі бар. Туабытты ақаулардың өзінен тұқым қуалау арқылы берілетін түрі бар, ананың ішінде жатқанда болған генетикалық мутацияның әсерінен де болуы мүмкін. Ерте және ауыр босану да әсер етеді, мұндай кезде сәбидің миына қан құйылатын жағдайлар да кездеседі, соның әсерінен де ауру дамиды, – дейді эпилептолог.

Оның айтуынша, бала іште жатқанда-ақ 6 аптадан бастап әр триместр сайын сәби миының даму сатыларына көңіл болу керек. Сол кезде ананың бойындағы ауыр өзгерістер сәби миының ақаумен дамуына әкелуі әбден мүмкін. Балаларда менингит, нейроинфекция, менингоэнцефалит сынды аурулардың ауыр асқынуынан соң пайда болатын эпилепсия түрі де жиі кездеседі.

ҚОҒАМ НАУҚАСТАРДЫ ШЕТТЕТЕДІ

Қоғамда эпилепсияға шалдыққан жандар дискриминацияға ұшырап, қысым көретіні жа-

ЕБІН ТАПСА

ЕМДЕЛЕТІН ДЕРТ

сырын емес. Сол себепті де эпилепсиямен ауыратын жандар ауруханаға барудан, медициналық көмек алудан да бас тартып жатады. Жұрттың науқастарды «дәріге өмір бойы тәуелді», «қоғамға жарамсыз», тіпті «психикалық науқастар» деп айыптап, байыпқа барып түсінбейтіні қынжылтады. Бұрын бұл аурудың интеллекттің төмендеуіне әсер етеді деген болжамдар болды, қазір ғалымдардың зерттеуі бұл болжамды жоққа шығарды. Егер пациенттер уақытылы ем алатын болса, ел қатарлы сапалы өмір сүре алады, жұмыс істеп, отбасын құрып, дені сау ұрпақ жалғастыруына болады. Тарихқа көз салсақ, Юлий Цезарь, Александр Македонский, Нострадамус, Данте Алигьери, Иван Грозный, Наполеон Бонапарт, Федор Достоевский, Альфред Нобель, Винсент ван Гог сынды тұлғалардың да эпилепсиямен ауырғаны жөнінде деректер бар.

– Бұл салада еңбек етіп, жағдайды көзбен көріп жүргендіктен, эпилепсиямен ауыратындардың саны осынша деп нақты, сенімді түрде де айта алмаймыз. Көптеген науқас өзінің эпилепсиямен ауыратынын жасырғысы келеді, қызметіне, оқуына зиян тигізеді деп қауіптенеді. Елімізде эпилепсия диагнозы бар адамдарды жұмысқа алмайды, көп адам денсаулығындағы ерекшелікті жасыруға тырысады, дәрігерге барып қаралмайды. Тек мүмкіндігі барлар жекеменшік медициналық орталықтарға барып ем алады, жалпы есепке тұрғысы келмейді, дәрі-дәрмегін өздері сатып алады, – дейді Гаухар Ибатов.

Көптеген елде эпилепсиямен ауыратын адамдарға, егер ауру ремиссия кезеңінде болса, көлік жүргізуге мүмкіндік беретін заңдар бар. Сонымен қатар бірқатар елде адамдарды жұмысқа орналастыру кезінде

кемсітуге тыйым салатын заңнамалық актілер бар. Өкінішке қарай, елдегі заң бойынша қызметкердің жұмыс уақытында денсаулығына басшысы жауапты болатындықтан, мамандар қандай да бір ерекшелігі бар жандарға мүмкіндік беруден, жауапкершілік алудан қорқады.

ЭПИЛЕПСИЯНЫ БҰҒАТТАУДЫҢ ЖОЛЫ

Жыл сайын ауру қарқыны ұлғайып бара жатыр, алайда бұл мәселені реттеуге бағытталған арнайы эпилептологиялық орталық санаулы-ақ. Мысалы, Президент іс басқармасы жанындағы



Елімізде эпилепсияға арналған ең алғашқы операция 2010 жылы жасалады, содан бері орталықта 400-ден аса пациент операциядан өткен. Оның 50-60 пайызға жуығы балалардың үлесіне тиесілі.

Медициналық орталығының ауруханасы жанында құрылған Эпилептология орталығы – эпилептолог, невролог, нейрохирург, функционалдық диагностика дәрігерлері, ядролық медицина және клиникалық фармакологтар секілді мультидисциплинарлық мамандар тобы жұмыс істейтін еліміздегі жалғыз орталық. Сонымен қатар эпилепсияны ең алғаш рет хирургиялық жолмен емдеуді бастаған – Астанадағы Ұлттық нейрохирургия орталығы. Орталық мамандары Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен Францияға, Германияға барып, тағылымдамадан өтіп, тәжірибе жинауға мүмкіндік алған. Мысалы, дәрігерлер тобы Франциядағы әйгілі эпилептолог-хирургтардың жанында тәлім алып, Ресейдегі клиникалардан да тәжірибесін шыңдаған. Елімізде эпилепсияға арналған ең алғашқы операция 2010

жылы жасалады, содан бері орталықта 400-ден аса пациент операциядан өткен. Оның 50-60 пайызға жуығы балалардың үлесіне тиесілі.

– Негізінен, ауру көп жағдайда бала кезден дамып анықталады. Егер ауру ерте басталса, операцияны мейлінше уақыт өткізбей жасаған жөн, сонда ғана нәтиже жоғары болады. Операция қажет болып, бірақ уақыт жоғалтып алған жағдайда ауру ошағы миға түгелдей жайылып, жаракат ұлғая бастайды. Бұл кезде жасаған операцияның пайдасы 40-50 пайыз ғана болуы мүмкін. Сол себепті дер кезінде әрекет ету керек, алайда эпилепсияның барлық түріне операция жасауға келмейді. Мысалы, генетикалық, мутациялық, тұқым қуалайтын түрлеріне операция сәйкес келе бермейді, – дейді Гаухар Ибатов.

Маманның сөзінше, Мәділік ем көмектеспеген жағдайда хирургиялық әдіс қолданылады, бірақ 10

пациент эпилепсиямен ауыратын болса, 2-3 пациентке ғана операция жасауға мүмкіндік болуы ықтимал. Мидағы ауру ошағын хирургиялық жолмен алып тастау үшін нақты көрсеткіштер мен талаптарға сай болуға тиіс. Эпилепсияны емдеудің тағы бір заманауи балама әдісі – VNS терапиясы. Бұл әдіс – дәрі-дәрмекпен емделмейтін эпилепсияны емдеуде, нейростимулятор кою арқылы жасалатын тиімді әдістің бірі. Нейростимулятор мидағы электрлік белсенділігін тұрақтандырып, ұстаманың жиілігін мейлінше азайтады.


– Операцияға сай келмеген кезеңде осы мүмкіндікті қарастыруға болады, бұл 100 пайыз ұстаманы тоқтатады деп айта алмаймын, дегенмен кейбір пациенттерде ұстама тоқтап, жойылып кеткен жағдайлар бар. Бұл терапияның да пайдасы бар, себебі күніне 20-30 рет ұстамасы

РУХАНИЯТ

11 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

*Мен туған жер тоғай еді тұңкелі,
Әлмисақтан атақоныс жұрты еді.
Күмбірлетіп күрең міндім күлтелі,
Белдеуіме берен ілдім білтелі.*

Талапбектің сөзі



Ақын Талапбек Тынысбекұлымен таныстығым екімынжылдықтың бас кезінде Алматыдағы Әдебиет институтында басталды. Ол кезде әдебиетті тану ғылымындағы ұстаздарымыз Зәки Ахметов, Тұрсынбек Кәкішев, Серік Қирабаев, Әбілхамид Нарымбетов, Шерияздан Елеукуенов, Мұхаммедкәрім Жармұхаммедов, Асқар Егеубаев, Сейіт Қасқабасов ағайларымыздың көзі тірі еді. Жаратқан алдарынан жарылқағай! Құрманғазы көшесінің бойындағы сарғыш ғимараттың екінші қабатында жоғарыда аты аталған ғалым-ұстаздардың тәлімін бірге көрдік. Ұстазымыз профессор Айгүл Серікқызы басқаратын Әдебиет теориясы бөлімінде тай құлындай бірге қызмет атқардық. Кейіннен мен аспирантураға түсіп Жанасібірге кеттім, Талапбек ғылым мен ақындықты жанына серік етіп, қоғамдық істерін қатар атқарып Алматыда қалды.

Содан бері, міне, ширек ғасырға жақын уақыт өтіпті. Уақыт өз заңдылығымен сыныптай сырғи береді. Бірақ ештеңеге бой алдырмайтын, уақыт патшаның екпініне ілікпейтін қасиет деген ұғым бар. Ол енді керісінше, уақытқа өз билігін жүргізбесе, оның ыңғайына қарай өзгеріске ұшырамайды. Ал енді ақындарға дарыған қасиет енді ол алабөтен бөлек әңгіме. Оның сыры сырт көз бізге де, тіпті ақынның өзіне де беймәлім болар. Десе де, біз білетін үлкен ақындарда үш қасиет болады. Ол адамдық атаулыға – адалдық, құбылыс атаулыға – сезімталдық, әділетсіздік атаулыға – жаны қастық, дұрысы – күрескерлік. Адалдық! Сезімталдық! Күрескерлік! Осы үш қасиет Талапбектің тұла бойынан андағайлап көрініп тұрады. Тұла бойынан көрінген соң, өлеңінің қандай болмағы өзінен-өзі түсінікті. Өлеңі – өмірі, өмірі өлеңі ғой. Бірінсіз бірі жоқ. Тіпті кейде ойлайсың, мына өлеңін автор поэзия өрнегіне салып беріп отыр ма, әлде ойын суретке шырт еткізіп түсіріп, соның эскизін қайта салып беріп отыр ма деп. Ақынның мына төменде берілген «Қарашоқы» өлеңі оқырманын еріксіз әлгіндей ойға жетелейді. Бейне бір ауыл іргесінде қыраттау жердегі қара шоқыда отырып, төмендегі суретті автормен бірге салып отырғандай боласын. Зер салып оқып көріңізші:

ҚАРАШОҚЫ

*Тамыздың желі бетіме обетін,
Таң ата анам мосы керетін.
Бишігін әкем беліне алғанда,
Сарымойын саулық мекіренетін.
Қоралы отар сосын өретін.*

*Шатқалда өскен шұғұңығыңнан,
Шаттықтың шексіз сырын ұғынғам.
Суырлы сайдың самалы желтін,
Сезбедім қырдың суығын ұрған.*

КҮЛТЕЛІ КҮРЕҢ,

*Жылқылы жұртқа ұнағасын ба,
Арсылдайды арлан түн арасында.
Тұсамысымен тықырышып тұрар,
Тұмарлы торым тұма басында.*

*Тілісімі санмың таудың ұқтыратын,
Ұларлар салған ән құнықтыратын.
Сарқымыз бөккен сабаның даусын,
Сабаудың үні жаңғырықтыратын.*

*Төрт түлік түгел ғашық аңдар да,
Күреңше күлген жасыл аңғарға.
Қоснауа басын қорыс қылатын,
Бұғы бейбақтар ашылағанда.*

*Әр кезең сайын арлы ауыл қонған,
Асырған шыңы арманыңды айдан.
Жеңелер алған бармағы балдан,
Сарыатан шөккен сарықарын майдан.
Айраның қайран, қаймағың қайран.*

*Тауын жыр етіп, тасын жыр етіп,
Әз жанын өтер ақын жүдетіп.
Шекілдеуікшіл шауқарғалардан,
Балқарағайдың басын күзетіп.*

Мұның аты – шынайылық. Әсіресе, көркемөнерде, әсілі барлық өнер атаулыда шығарманың өміршеңдігі осы шы-

жүрсек те, басымыз бүйтіп айналмас еді-ау! Ести тұра ұқпай, ойымызда сайрап тұрса да ұмытып кетіп, құдай атады ғой бізді». Иә, рас. Қазіргідей техногендік сана үстемдік құрған уақытта Талапбек өлеңдеріндегі ұлттың төл суреті, төл өмірі екібастан құнды. Талапбек өлеңдерінде бүгінгі күннің эттеген-айы мен балалық балдәуренге деген сағыныш қатар өріледі. Мұндағы өлең табиғатына сай үндестік пен үйлесім де шынайы, һәм көркемдік тұрғыдан эстетикалық мәнге ие. Төмендегі өлең орамдары соның айғағы:

КҮЛТЕЛІ КҮРЕҢ КІСІНЕМЕЙДІ

*Күлтелі күрең кісінемейді,
Үкілемейді жұрт оны.
Шағыр ақжалым тісін егейді,
Түсіме енеді жылқы елі.*

*Бесімде міндім бекініп ерге,
Асаудың жалы – жастығым.
Есімде бәрі осы күндері,
Ат жалын тарту жақсы ырым.*

*Қыз қуар, көкпар, бәйгеден,
Әй, менен ешкім озбады.
Төрімдегі әбзел сәндеген,
Көңілдің шерін қозғады.*

шығар... Кім білген. Дегенмен өлең сөзде түпнұсқа мен жапсырма бояу сөзді айыру әсте қиын емес. Ол қалай дегенде жұп-жұмыр тегіс келе бермейді. Бірден байқалады. Ал біз оқып отырған өлең жолдарында жасандылық жоқ. Жақпа әсерлі бояу деген тіпті ойға келмейді.

*Жалғаннан бүгін жылқы ығысады,
Қамыс құлағын қайшылап.
Балақтың шаңы басыма ұшады,
Сауырдан терім тамшылап, – дейді.*

Мынадай тығыршық сөзден әсте артық қырым ет таппайсыз. Әбден жарауы келіскен дүние. Ақын өлеңдері сонысымен құнды. Сонысымен жанға – қуат, рухқа – дауа.

ШЕКАРА

*Туған жерім болғанмен тұрағым жоқ,
Оны ойлауға жетпейді шымдамым көп.
Көз алдымнан көлбеңдеп қайран дала,
Құлазиды көңілім, жылағым көп.*

*Қалдырмадым бабамның шетте көшіні,
Айтам өкпе ол үшін көпке несін?!
Үш аймақтан арыға апарса ғой,
Шіркін-ай, шекараның шектемесін.*

Сөз басында күрескерлік мінез туралы айттық. Талапбек өлеңдерінің жүз де тоқсаны күрескерлік сарын. Тіпті, туған жерге деген інкәрлігін де сол сарынға салып жырлайды. Ақынның мына «Шекара» өлеңі соның бірден-бір айғағы. «Туған жерім болғанмен тұрағым жоқ» деген жалғыз тармақтың көтерген жүгі нендей зіл батпан денізші?! Кіндік қаның тамған Ағажай Алтай да өз жерің, сөйте тұра жаттың табанының астында. Бүгінгі тіршілік еткен қазақ елің де өз жерің, сөйте тұра мұнда да басыбайлы баспаналы болу деген бір қиямет. Мұны атажұртқа алып-ұшып жеткен әрбір ақжүрек бүтін болмысымен сезінді, қала берді осындағы қара қазақтың басты зары да баспана, оны да біз құйка терімізбен сезініп келеміз. Соны Талапбек ақын баршамыздың атымыздан «Туған жерім болғанмен тұрағым жоқ» деп бір ауыз сөзге сыйдыра білген. Ақын шеберлігі деген дүние де осы.

Күрескерлік тақырыбын әрмен қарай жалғайық. «Қара құбыр» деген өлеңінде ақын мәселені төтесінен қояды. «Қара құбыр жаздырды қаралы жыр» дейді.

ҚАРА ҚҰБЫР...

*Шекара асып барады қара құбыр,
Қара құбыр жаздырды қаралы жыр.
Жалқын мұңын жалғанның жасырады,
Салқын жонға жамбастап жаралы іңір.*



*Десе де, біз білетін үлкен ақындарда
үш қасиет болады. Ол адамдық атаулыға –
адалдық, құбылыс атаулыға – сезімталдық,
әділетсіздік атаулыға – жаны қастық,
дұрысы – күрескерлік.*



найылықпен өлшенбек. Оған барар жолдағы автордың сенімді серігі әлгі айтқан сезімталдық. Онымен қоса ақын жадының күші, туған жерге деген сағыныш күші. Қазір қайсыбіріміз туған өлкеміздің алуан-алуан ерекшелігін тоқтаусыз баяндап бере аламыз. Оған қоса өлең сөзбен бір биігінен екіншісің аласартпай, арындатып төгілте аламыз. Бүгінгінің жады тіптен жадағайланып кетті емес пе! Классик қаламгер Әбіш Кекілбаевтың бір кейіпкері былай деуші еді ғой. «Әй, аруағыңнан айналайын ата-баба, мал бағып, мақал шығарудан басқаны білмеген сендердің айтқандарыңды түгел орындап

*Жалғаннан бүгін жылқы ығысады,
Қамыс құлағын қайшылап.
Балақтың шаңы басыма ұшады,
Сауырдан терім тамшылап.*

Әрине, біз өмірге келген Түркістанның Созақ өңірі де – қазақтың тығыз қоныс тепкен жері. Біз де бала күнімізде сақпанға шығып, жабағы сайыстан бір сәт қалыс қалған жоқпыз. Дей тұрғанмен, Талапбектің жырындағыдай қаймағы бұзылмаған қазақы өмірді көрмедік. Мұндайды тек кітаптан, ақын-жыраулардың бейнелі сөздерінен білдік. Мүмкін Талапбектің сөзінде де сондай әсерлі бояу қалың

РУХАНИЯТ

11 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Атар таңның қайырын хақтан бағып,
Аждаһаға әлі біз аттанбадық.
Ертелі-кеш оянып есіңді алар,
Құбыр жалап қыбырлап жатқан халық.

Құдай көрік сыйлаған гүл мекенім,
Көз жасы елдің көмкерген күнде етегін.
Жылай беріп қайтемін жазмышқа,
Мұнай беріп мұнайған жынды екенмін.

Иә, акын мұнда елге ашық сауал тастайды. Қазақтың қазба байлығын Аждаһаның аузына салып беріп, содан енді қайыр күту... Бұл енді қай қисынға сай келмек?... Тағдырға қарсы әрекет жасап, тағдырдан мейір күтуден өткен қайшылық бар ма екен? «Жылай беріп қайтемін жазмышқа, Мұнай беріп мұнайған жынды


Көрінгенге елілдеп,
Көлгірсіген күн құрсын.

Аға бардым ақталдым,
Жеңелерді жақтадым.
Іні бардым боқталдым,
Келіндерді мақтадым.

Туыс дедім ту алдым,
Уыс дәнін суардым.
Жабығыстан жынданып,
Сағыныштан қуардым.

Ұлықтарға ұтылдым,
Құрықтарға тұтылдым.
Құдай қолдап құтылдым,
Шүкір, шүкір, шүкір мың.

ҚОҢЫР ҮН



Иә, Талапбек өлеңдерінің тағы бір қыры жоғарыда айтқан – адамдық атқа деген адалдық. Өмірдің бұраланына бейімделіп адалдығын бүркемелей тұру деген Талапбекте атымен жок. Сонысымен Талапбектің сөзі баянды. Өлең сөзін айтамыз. Бүгінгі жас қаламгерлердің көбі баянсыз бақытты өмірлеріне мақсат етіп алған. Атак, данк, тізім, грант, жүлде, пәтер, т.б. Бұлар, әлбетте, күнкөріс қамы, шығармашылыққа демесін шығар. Бірақ бұлар шығармашылық адамының ең үлкен байлығы жастық ғұмырын, одан да қымбат байлығы адамдық болмыс ұрлап алады. Қайтарып ала алмайсың. Себебі уақыт өтіп кеткен. Содан әлгі пақырлар қайтеді, енді басқа амал жоқ, сол әлгі адалдық келбетің мен жастық ғұмырыңды айырбастап алған дүниелерге, солардың жолында, солардың абыройын сақтап қалу жолында қызмет етеді. «Шығармашылық» жасайды. Талапбекті сыйлайтынның – бұл баянсыз жетістіктерден құлантаза. Бұл шығармашылық адамы үшін үлкен құндылық, баға жетпес баянды жетістік! Өзі де осындай пікірде екеніне мына Аксиома деген өлеңінен көреміз:

АКСИОМА

Мансап жайлы айтады жұрт әрқилы,
Жайлы орында жалмауыз да айбынды.
Ені ісінген есектер де есірсе,
Арғымақтың арқанынан қарғиды.

Қарны тойса құзғын құзда қалғиды,
Ал ашықса ажалыңды аңдиды.
Тұғырдағы торғайлар да тойынса,
Саядағы сыбағана саңғиды.

* * *

Арыстан жүрек түмен ем,
Тірлігім аңыз түнерем.
Алыстан келер жауым жоқ,
Намыстан күнде мың өлем.

Ал бүгінде елордада бір карағанда саяқ жүрген күрен тайдай көрінетін Талапбек акынның арлы жырларын оқығанда осындай бір толқын көңіл сөзі еріксіз ойға оралады екен. Иә, әманда әдебиет – ардың ісі! Сөз өнеріндегі бәсің биік, рухың асқак болсын Талапбек бауыр!

Ұлан ЕРКІНБАЙ,
әдебиеттанушы ғалым,
А.Байтұрсынұлы атындағы Білім академиясының директоры

ЖУДЕУСІҢ ҒОЙ
ДЕЙТІН КӨП

Жудеусің ғой дейтін көп,
Жүрек сырын кім білсін?!



Жылдың ең ауқымды киножобаларының бірі «Темірлан» тарихи экшн-драмасы үлкен экранға жол тартты. Қазақстан, АҚШ және Өзбекстан кинематографистері бірлесе түсірген фильм әлемнің 120 елінде көрсетіледі.

«ТЕМІРЛАН»
ТАРИХИ ДРАМАСЫ
ҮЛКЕН ЭКРАНҒА ШЫҚТЫ

А Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

XIV ғасыр. Моңғол империясының ыдырап, Ұлы Жібек жолының ықпалы әлсіреген алмағайып кезен. Дәл осы сындарлы сәтте тарих сахнасына жас та болса қайсар мінезімен көзге түскен Әмір Темір шығады. Фильмде аты аңызға айналған қолбасшының қалыптасу жолы, әскери дарыны мен саяси көрегендігі кеңінен көрініс табады. Ол ішкі алауыздық пен әділетсіздікке қарсы тұрып, қарсыластарына қарсы батыл қадамдарға барады. Нәтижесінде, әлсіреген билік жүйесін күйретіп, өз дәуірінің жаңа тәртібін орнатады. Картина тек тарихи оқиғаларды тізбелеумен шектелмей, Әмір Темір тұлғасының күрделі болмысын, оның билік жолындағы шешуші қадамдары мен көзсіз ерліктерін тереңірек ашуға талпыныс жасайды.

Фильм режиссері – Джейкоб Шварц. Ал басты рөлді сомдаушы әрі сценарий авторларының бірі – Кристиан Мортенсен. Фильмде Темірланның одақтасы әрі кейін қарсыласына айналған Әмір Хұсайынның бейнесін Махеш Джаду сомдаған. Ол көрерменге The Witcher және Marco Polo жобалары арқылы жақсы таныс. Ал Темірланның көп жылғы қарсыласы хан Илияс Қожаның рөлін Джошуа Джо, әйелінің рөлін танымал өзбек актрисасы Юлдуз Раджабова алып шықты. Халықаралық жобаға шетелдік жұлдыздармен қатар Еркебұлан Дайыров, Асан Мәжит, Мақсат Сәбит, Санжар Мәди, Әзиз Бейшеналиев, Жандос Айбасов сынды қазақстандық танымал актерлер де қатысқан. Сондай-ақ атты әскер қатысатын күрделі сахналарды орындау үшін Nomad Stunts каскадерлер тобы тартылған.

Туынды авторлары тарихи тұлғаның қоғамдық рөлінен гөрі, оның адами болмысына үңілуді басты назарға алғанын айтады. Фильмде әлем таныған Темір емес, жақындары таныған Темір бейнесін көрсету басымырақ. Жеке қарым-қатынастарды, ішкі қайшылықтар мен эмоциялық байланыстарды көрсету арқылы тарихи тұлғаның шынайы болмысы айқындала түседі.

– Әмір Темір бейнесі бұл фильмде жаулаушы не катал қолбасшы ретінде емес, ең алдымен, жеке тұлға ретінде ашылады. Ол

әке рөлінде қандай болды? Күйеу ретінде ше? Жақындарына қандай тұлға болды? Мәдени контексте ол кім? Яғни, оны әлем қалай таныды дегеннен бұрын, оны өз ортасы, жақындары қалай қабылдады деген сауал алға шығады. Жеке қарым-қатынастарды түсіну арқылы эмоциялық тереңдікті қалай қалыптастыруға болады? Мәселе осында. «Темірлан» – Ұлы Жібек жолы мен Орталық Азия кеңістігі секілді мульти-мәдени жоба. Бұл ерекшелік экраннан ғана емес, түсірілім алаңындағы атмосфералдан да сезілді, – деді Кристиан Мортенсен.

Картинаның атқарушы продюсері Бехруз Хамзаев өз сөзінде тарихи мұраға деген көзқарастың өзгеруіне тиіс екенін атап өтті. Оның сөзінше, Әмір Темір тұлғасы мен Ұлы Жібек жолы секілді тарихи құндылықтар – аймақ халықтарына ортақ мұра.

– Өзбекстан, АҚШ және Қазақстан кинематографистерінің басын қосқан бұл бастама Орталық Азия киносы үшін бірегей құбылыс. Біз осы тарихпен өстік. Әмір Темір – біздікі. Ұлы Жібек жолы – біздікі. Бүкіл әлем бұл туралы өзгелердің оқулығынан емес, біздің аузымыздан еститін уақыт жетті, – деді Бехруз Хамзаев.

Фильмде негізгі рөлдердің бірін сомдаған Джошуа Джо алдағы уақытта Қазақстанға қайта оралып, жаңа жобаларға қатысуға ниетті екенін жеткізді.

– Менің түп-тамырым Оңтүстік Кореядан, ал қазір Ұлыбританияда тұрамын. Мұнда қайта оралғаныма өте қуаныштымын, себебі әдетте еуропалық актерлермен жұмыс істеймін. Көбіне өзімді сырт адамдай, бөтендей сезінетін кездер болады. Бірақ осы фильм жобасына алғаш келгенде, адамдар менен «қазақсың ба?» деп сұрады. Бұл мен үшін үлкен мақтау сияқты әсер етті. Өзімді осы елдің, осы халықтың бір бөлшегі ретінде сезіндім. Сондықтан алдағы уақытта тағы да жаңа жобалармен осында келіп жұмыс істегім келеді, – деді Джошуа Джо.

Туындының түсірілім жұмысы Хиуа қаласының ортағасырлық көне көшелері мен Алматы маңындағы тау бөктерінде өткен. Мәселен, Алматы іргесінде Әмір Темірдің қолбасшылық өміріндегі маңызды «Лайлы» шайқасы таспаланған. Тарихи деректерде бұл оның жеңіліс тапқан жалғыз шайқасы ретінде сипатталады.

ДАРЫН

11 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Бір кездері Шымкент циркін басқарған Арман Алиев цирк жүрек қалауымен, жан-тәнімен беріліп істейтін ерекше өнер ордасы екенін айтқан еді. Ол циркке кез келген адам келе бермейтінін, бұл жолды тек жанкештілікке дайын, өнерді шексіз сүйетін, әр сәтін сахнаға арнауға даяр жандар ғана таңдайтынын айтқан. Айтса айтқандай, біздің кейіпкеріміз Қазақстандағы тұңғыш әрі жалғыз арыстан үйреткен әйел және цирк саласындағы династияның басында тұрған ана Жанат Қалметованы нағыз өз саласының жанашыры дер едік.

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

**ЦИРККЕ 40 ЖАСТАН
АСКАНДА ҚАЙТА КЕЛДІ**

Сарыағаш ауданында кара-спайым мұғалімдер шаңырағында дүниеге келген кішкентай қыздың арманы уақыт өте келе үлкен сахнаға, кең манежге ұласқан. Ол — жеті баланың үшіншісі. Бала күнінен өнерге жақын болып өскен қыздың жүрегін ерекше баурағаны цирк әлемі болды. Қап-ланбек совхозындағы мәдениет үйінде алғаш сахнаға шығып, цирк өнерінің қыр-сырын меңгере бастаған ол кейін «Фантазёр» халықтық цирк ұжымының белді мүшесіне айналды. Жеті жылдан астам уақыт бойы тынымсыз жаттығып, гастрольдік сапарларға шығып, шетел мен еліміздің талай қалаларын аралады.

Жастық шағындағы ең үлкен жетістіктерінің бірі 1987 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық цирк фестивалінде топ жарып, лауреат атанып, алтын медаль иеленуі болды. Бұл оның өнер жолындағы айқын жеңісі еді. Алайда тағдыр жолы оны бір сәтке сахнадан алыстатты. Мектеп бітірген соң цирк әртісі болуды армандағанымен, анасының қарсылығына байланысты басқа жолды таңдауға мәжбүр болды. Өнерді жүрек қып-піріне сақтап, отбасылық өмірге қадам басты, ана атанды. Араға жылдар салып, бала күнгі арман қайта оялды. Қырық жасқа келгенде, көпшілік тәуекелге бара бермейтін шақта, ол қайтадан манежге оралды. 2012 жылы Шымкент циркіне штаттан тыс маман ретінде келген ол, бір жылдан кейін ресми түрде цирк әртісі атанды.

«Менің бұл шешімді көпшілік бірден қабылдай қойған жоқ. Бала күнімнен циркке қатысқанымды, халықтық цирк құрамында өнер көрсеткенімді, шетел сахналарын бағындырғанымды көбісі біле бермейтін. Сондықтан да айналамдағылардың арасында күмәнмен қарағандар аз болмады. «Цирк — жастайынан үздіксіз еңбектенуді талап ететін өнер. Жиырма жылдан астам үзілістен кейін бұл саланы алып кету қиын» деген пікірлер де айтылды. Тіпті «енді цирк әртісі бола алмайды» деген сенімсіз сөздер де естілді. Алайда мен бұл күмәндардың ешқайсына мойымадым. Себебі мақсатым айқын, арманым асқақ еді», — деген кейіпкеріміз манежге жай оралмай, үлкен сеніммен, нық шешіммен келгенін жеткізді.

Осылайша, оның бала күнгі жетістіктері де оның жігерін жанып отырды. Небәрі он бес жасында-ақ цирк фестивалінде кіші алтын медаль иеленуі оның табиғи талантының дәлелі болатын. Бү-

гінде сол марапаты облыстық музейдің қорына өтіп кеткені жанына батады. Қажет кезде арнайы қолхатпен ғана алып, қайта тапсырады. Бұл оның өнерге адалдығының белгісіндей. Ол үшін жетістік тек марапатпен өлшенбейді. Еңбектің еленгені, өнердің бағаланғаны кез келген адамға қуаныш сыйлайды.

АМЫП АРЫСТАНДЫ БАҒЫНДЫРҒАН

**ҚЫЗЫН ТӨРТ ЖАСЫНАН
ЦИРККЕ БАУЛЫҒАН**

Ал оның өнердегі ерекше жетістігі — Қазақстандағы тұңғыш әрі жалғыз арыстан үйреткен әйел атануы. Бұл тек кәсіби табыс емес, қайсарлық пен батыллықтың, табандылық пен сенімнің жемісі. Осындай биікке жеткен оның өмір жолы арманынан айнымай, қайта оралуға жүрегі жеткен жан-

екі күшікті қолына алып, солармен жұмыс жүргізуді бастайды. Балапандай баптап, мейіріммен өсірген күшіктері аз уақыт ішінде-ақ сахналық нөмірге айналып, көрерменнің көзіне айналып кетті. Өнерге деген сүйіспеншілік оның жүрегінде ғана емес, отбасында да жалғасын тапты. Кішкентай қызын да осы жолға баули бастайды. Перзенті төрт жасынан бастап анасының жанынан табылып, манеждің тынысын сезініп өсті. Төрт жарым жасынан бастап дайындыққа кірісіп, бес жасында өз қалауымен өнерге бет бұрды. Бастапқыда әуе белбеуі мен каучук жанрларына икемделіп жүргенімен, уақыт өте келе үйретілген иттермен бірге өнер көрсетуге

дырылған қойылымын ұсынды. Бұл қойылымда оның қызы Перизат Анарбекова кішкентай Томирис рөлін сомдап, жеті айлық арыстан күшіктерімен бірге өнер көрсетті. Көрермендер үшін бұл тек цирк нөмірі емес, нағыз рух пен батыллықтың көрінісіне айналды. Аң үйрету тек әдіс пен жаттығу ғана емес, жүрек пен сезімнің үйлесімі екенін ол өз тәжірибесімен дәлелдеді. Өзі нәзік жанды бола тұра, айбарлы арыстанның өзін бағындыра білген қайсар ана жануарлардың мінезін түсіну үшін, ең алдымен, олардың жанында болу керектігін, аңдармен байланыс бір күнде орнамайтынын айтады. «Олармен бірге жүріп, бірге тұрып, қолдан тамақтандырып, әр сәтін бақылау арқылы ғана сенімге ие болуға болады. Уақыт өте келе олар өз балаңдай болып кетеді», — дейді ол.

**ЖЫРТҚЫШ АҢ ТӘНІН
ЖАРАЛАСА ДА,
ЖАНЫН ЖАРАЛАЙ АЛМАДЫ**

Әрине, өзінің цирктегі жолы оңай болған жоқ. Басшылық оған серік болар ер-азамат табуға тырысқандымен, көбісі бұл істің ауырлығын, жалақысының аздығын алға тартып, кетіп қала берген. Жыртқыш аңдармен жұмыс істеуге жүрегі дауаламай, «қанша төлесенің де, клеткаға кірмеймін» дейтіндер де аз болмапты. Тіпті Ресейден келген тәжірибелі маманның өзі тұрақтамай, жұмысты тастап кете берген соң, ол ақырында бәрін жалғыз өзі атқаруды жөн көрді. Уақыт өте келе арыстандардың мінезі де өзгеріп, қызғаныш сезімі байқала бастады. Сол себепті ол өзгенің өмірін қауіпке тіккісі келмей, клеткаға ешкімді жолатпады. Ешқандай қару-жарақсыз, сақтандырусыз жыртқыштармен жалғыз өзі жұмыс істеді. Бар сенгені Алла және өзі берген тәрбие еді.


Оның айтуынша, цирктегі ең қауіпті трюктердің бірі — арыстанның адамның үстінен секіруі.

Себебі алып жыртқыш секірген сәтте артқы аяқтары сәл ғана дәл түспесе, өткір тырнақтары пышақтай тіліп кетуі мүмкін. Салмағы екі жүз елу келіге жуық аңның бір ғана қателігі ауыр жарақатқа әкеледі. Осындай қауіптің бірі оның өз басынан да өтті. Бір күні репетиция аяқталып, арыстандарды еркін жіберген сәтте күтпеген жағдай болды. Үшеуінің бірі Ширри атты ұрғашы арыстанның арқасын сипап отырғанында, кенеттен үркіп кеткен аң орнынан атып тұрып алға қарай секіріп кетті. Сол сәтте бәрі қас-қағымда болып өтті. Артқы аяғы дәл тимей, оның тізесіне соғылған. Ауырсынғанына қарамастан, ол өзін жинап алып, бір аяқпен секіріп жүріп, арыстандарды орындарына кіргізіп үлгерді. Кейін ауруханаға жеткізілгенде, дәрігерлер тізесінің шығып кеткенін анықтады. Тіпті «сүйек екіге бөлінген» деп, шұғыл операция жасау керектігін айтты. Бұл хабар оған ауыр соққы болды. Үлкен ұлы әлі студент, отбасының жалғыз асыраушысы өзі еді. Ұзақ оналту мен күтімді талап ететін операциядан қорыққан ол тәуекелге бел буып, одан бас тартады. Ақыры қазақы емге жүгініп, сынықшыға барып, тізесін салдырып шықты. Сол күндері гастрольдік сапар да таяп қалған еді. Шардара қаласына үш мың билет сатылып қойған. Бір жағынан денсаулығы, бір жағынан ұжым мен көрермен алдындағы жауапкершілік оны қатты қинады. Соған қарамастан, жаракатына қарамай, балдақпен жүріп гастрольге шықты. Қиындыққа қарамастан, қойылым сәтті өтті.

Жанат цирк өнерін дамыту үшін жаңа бастамалар мен тың идеялар ауадай қажет екенін жақсы түсінеді. Дегенмен 2021 жылы қабылданған «жыртқыш аңдарсыз цирк» жобасы оның көңіліне қаю түсірді. Эксперимент ретінде енгізілген бұл шешімнің салдарынан арыстандар зообаққа жіберілді. Қазір циркте маймылдар, аттар, иттер бар болғанымен, классикалық цирктің ажырамас бөлігі жыртқыш аңдар екенін алға тартады. Оның ойынша, Италия сынды елдердің цирктерінде пілдер мен жолбарыстардың өнер көрсетуі көрерменді ерекше қызықтырады. Осындай көріністер өз елімізде де болса, халықтың ықыласы арта түсетініне сенімді. «Қазір де көрермен жоқ емес, циркке келіп жатыр, бірақ жыртқыш аңдардың қатысуы бұл өнердің айбынын арттырып, аншлаппен өтетін қойылымдардың көбейетіні анық. Сондықтан менің арманым — жолбарыстарды қайта қолға алып, оларды баптап, үйретіп, цирк өнерін жаңа деңгейге көтеру», — дейді аңдарға деген сағынышын сездірген ана.

Арыстандардың зообаққа кеткен сәті Жанаттың өміріндегі ең ауыр кезеңдердің бірі болған. Жануарлармен бірге өзі де киналды. Бірақ қандай жағдай болса да, мойымады. Қасында қолдаушысы Алла бар екенін сезініп, алға ұмтылуын тоқтатпады.

Оның жолын жалғаған үш перзенті де цирк өнерін таңдауы — ананың еңбегі мен өнегесінің айқын көрінісі. Шымкенттен шыққан цирк әулеті ретінде олар бір-біріне әрдайым демеу болып келеді. Өзара қолдау мен сенімнің арқасында ғана бұл өнердің биігін бағындыруға болады деп сенеді. Оның бүкіл ғұмыры мен арманы — цирк өнерін дамыту, жыртқыш аңдарды қайта сахнаға шығарып, ұлттық цирктің беделін асқарту.



ның шынайы жеңісі. Мұндай батылдыққа, яғни жыртқыш аңдарды үйретуге қалай шешім қабылдағанын сұрадық. Кейіпкерімізді сол кезеңде жергілікті жерде аң үйретушілердің жоқтығы ерекше ойға жетелепті. «Адам жасағанды адам жасай алады» деген сеніммен батыл шешім қабылдап, аң үйрету өнерін меңгеруге кірістім. Бұл — үлкен жауапкершілік пен жүрек жылуын талап ететін сала. Жануарларға деген сүйіспеншілігім мен мақсатымның айқындығы маған бұл жолда күш берді», — дейді ол.

Осылайша, шетелдік мамандарға тәуелді болмай, өз елімізде кәсіби аң үйретуші болуға болатынын дәлелдеді. Бүгінде ол тек цирк әртісі ғана емес, өз ісінің шебері, ұлттық өнердің жанашыры. Оның өнер жолындағы ізденісі әлі күнге дейін тоқтаған емес. Цирк әлемінде өзін таба білген жан жаңа бір белеске, аң үйрету өнеріне батыл қадам жасап, 2014 жылдың қараша айында екі айлық

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

11 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылы Қазақстан халқына Жолдауында қоғамдағы тәртіп пен мәдениет мәселесіне тоқталып, «Заң және тәртіп» қағидатын берік орнықтырудың маңызын атап өтті. «Қоғамда осы қағиданы түбегейлі орнықтыру үшін барлық құзырлы орган арасында ортақ көзқарас пен ортақ ұстаным болуға тиіс. Бұл – ең алдымен, ешқандай құқықбұзушылыққа жол бермеу қағидасы, яғни кез келген заңсыздыққа қарсы тұру деген ұстаным. Сондықтан мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмысын барынша қолдау қажет. Сонда ғана елімізде құқықбұзушылыққа, озбырлық пен зорлық-зомбылыққа қарсы сана-сезім қалыптасады, қоғамға жат кез келген әрекетке төзбеушілік пайда болады», – деді Мемлекет басшысы.



Әдебиет
БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ
ӘНГІМЕ ЖҮРГІЗУ РЕЙДІ

Міне, осы «Заң және тәртіп» қағидасы аясында Қарағанды облысында жүздеген іс-шара өтті. Соның бірі – жүзден астам отбасына барып, профилактикалық әңгіме жүргізу рейді. Құқықбұзушылықтардың алдын алу және қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға қолдау көрсету мақсатында полицейлер, депутаттар, әкімдік өкілдері мен жастар белсенділері күш біріктірді. Іс-шара Қарағанды облысының полиция департаменті және прокуратурасының бастамасымен ұйымдастырылды.

Негізгі назар құқықбұзушылықтардың алдын алуға, есепте тұрған тұрғындарды тексеруге және әлеуметтік осал отбасылардың тұрмыс жағдайын бағалауға аударылды.

Қарағанды облысы ПД бастығының орынбасары Жасқайрат Қайыров міндеттерді айқындап, ведомстваралық өзара іс-қимылдың маңыздылығын атап өтті.

– Биыл заңнамаға профилактикалық жұмысты күшейтуге бағытталған өзгерістер енгізілді. Қылмыстың алдын алу – тек полицияның ғана емес, барлық мемлекеттік орган мен азаматтық қоғам институттарының міндеті. Бұл рейд – осындай бірлескен жұмыстың айқын үлгісі. Алдағы уақытта бұл тәжірибе жалғасын табады, – деді ол.

Ведомстваралық рейдке қатысушылар 20 топқа бөлініп, Қазыбек би және Әлихан Бөкейхан атындағы аудандарға бағыт алды. Қатысушылар есепте тұрған отбасыларға барып, әлеуметтік осал санаттағы тұрғындармен кездесті, тұрмыстық және құқықтық мәселелерді талқылады. Қажет болған жағдайда заң нормаларын түсіндіріп, бейінді қызметтерді тартты. Барлығы жүзден астам мекенжай тексерілді.

Әлихан Бөкейхан ауданындағы рейдтердің бірі жедел сигнал бойынша ұйымдастырылды: кәмелетке толмаған балаларды қараусыз қалдырған әйел туралы хабар түскен. Рейдтік топ оқиға орнына полицейлермен бірге

ҚҰҚЫҚҚА ҚАЗЫҚ БОЛҒАН ҚАҒИДАТ

барды. Ананың жеке басы анықталып, онымен профилактикалық әңгіме жүргізіліп, ескерту жасалды. Рейдке қатысушылардың бірі – қалалық мәслихат депутаты Равиль Садыков аталған отбасын патронажға алатынын және балаларды мектепке дейінгі мекемеге орналастыру мәселесін шешуге жәрдемдесуге дайын екенін мәлімдеді.

Мұндай формат алдағы уақытта да қолданылмақ. Себебі ол ведомстволар мен тұрғындар арасында тікелей байланыс орнатуға, мәселелерге жедел әрекет етуге және қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларға уақытылы көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

**«ЖАСТАР ЖӘНЕ ЗАҢ:
ДҰРЫС ТАҢДАУ – ЖАРҚЫН
БОЛАШАҚ»**

Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы аудан прокуратурасы «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу айлығы» акциясы аясында «Жастар және заң: дұрыс таңдау – жарқын болашақ» тақырыбында интеллектуалдық квиз-ойын ұйымдастырды. Іс-шараға аудан мектептері мен колледждерінің оқушылары белсенді қатысты. Бағдарлама жастардың қатысуымен өткен әсерлі флешмобпен ашылып, қатысушыларға ерекше көңіл күй сыйлады. Квиз-ойынның басты мақсаты жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға және құқықтық тәртіп қағидаттарына құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу болды. Интеллектуалдық сайыс барысында қатысушылар заңнама, азаматтардың құқықтары мен міндеттері жөніндегі білімдерін сынға салды. Түрлі сұрақ пен тапсырмалар арқылы олар өз ойларын ортаға салып, құқықтық тақырыптарды тереңірек түсінуге мүмкіндік алды.



Сонымен қатар іс-шара аясында күнделікті өмірде заң талаптарын сақтаудың маңыздылығы кеңінен талқыланды. «Заң және тәртіп» қағидаттарына негізделген саналы өмірлік ұстанымды қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударылды. Ұйымдастырушылар жастарды жауапкершілікке, заң талаптарын қатаң сақтауға және заңға бағынатын мінез-құлықты таңдауға шақырды. Іс-шара белсенді әрі танымдық форматта өтіп, жасөспірімдер арасында құқықтық мәдениетті дамытуға және азаматтық жауапкершілікті арттыруға өз үлесін қосты.

**ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ
САБАҒЫ ӨТТІ**

Қарағанды қаласындағы №19 мектепте полиция департаментінің бастамасымен құқықтық сауаттылық сабағы өтті. Жоғары сынып оқушыларымен облыстық полиция департаментінің бастығы Нығмет Исмагулов және қызмет басшылары кездесті. Іс-шара «Заң

және тәртіп» идеологиясы мен «Қолжетімді полиция» бағдарламасы аясында ұйымдастырылды.

Кездесу басталар алдында Нығмет Исмагулов мектептің қауіпсіздік жүйесін тексерді. Оның ішінде бейнебақылау камераларының жұмысы және олардың Жедел басқару орталығымен ықпалдастырылуы қаралды. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударылды.

Мектептің акт залында құқықтық сауаттылық сабағы өтті. Оған 8-11 сыныптардың 400-ден астам оқушысы жиналды. Полицейлер жасөспірімдер үшін өзекті тақырыптар – буллинг пен кибербуллинг, есірткі қылмыстары үшін жауапкершілік, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі туралы айтты.

– Заңды құрметтеу – бұл өз құқықтарыңды қорғау және өз іс-әрекеттерің үшін жауапкершілік алу. Сіздер – еліміздің болашағысыздар, ал оның өркендеуі сіздердің шешімдеріңізге байланысты, – деді Нығмет Исмагулов.

Департамент өкілдері мектеп оқушыларының сұрақтарына

мен тәртіп» қағидаты негізінде жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша өңірде қылмыс деңгейі 5 пайызға төмендеді. Атап айтқанда, кісі өлтіру, тонау, ұрлық, бұзақылық және өзге де құқықбұзушылықтар саны азайды. Сонымен қатар қоғамдық орындар мен көшелерде жасалатын қылмыстардың қысқаруы тұрғындардың қауіпсіздік деңгейінің артқанын көрсетеді, – деді департамент басшысы.

Кездесу барысында интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мәселесіне ерекше назар аударылды. Өткен жылы мұндай құқықбұзушылықтардың саны 2,5 мыңнан асты. Олардың алдын алу мақсатында «Антифрод-орталық» жұмысы жолға қойылып, заңсыз интернет-ресурстарды бұғаттау, алаяқтық қонырауларды анықтау секілді заманауи тәсілдер енгізілді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде, 2026 жылдың бірінші тоқсанында интернет-алаяқтық 23 пайызға төмендеді. Есірткі қылмысына қарсы күрес бағытында бір жыл ішінде заңсыз айналымнан бір тоннадан астам есірткі тәркіленіп, бірнеше нарколаборатория жойылды. Бұл ретте синтетикалық есірткілердің таралуы алаңдаушылық туғызуда. Осыған байланысты жастар арасында алдын алу және түсіндіру жұмыстары күшейтілуде. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу да басты назарда. Өңірде жасөспірімдермен және қолайсыз отбасылармен жүйелі жұмыс жүргізіліп, балалардың түнгі уақытта ересектердің қарауынсыз жүруіне жол бермеу шаралары қабылданды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар да жалғасуда. Есепті кезеңде 7,5 мыңнан астам қорғау нұсқамасы шығарылып, жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берілді. Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне тоқталған Нығмет Исмагулов өңірде 1300-ден астам жол-көлік оқиғасы тіркелгенін атап өтті. Осыған байланысты құқықбұзушылықтарды анықтау, сондай-ақ орташа жылдамдықты тіркеу жүйелерін енгізу бойынша жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде цифрлық технологиялардың маңызы артып келеді. Бүгінде облыс аумағында 86 мыңнан астам бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Олардың бір бөлігі жасанды интеллект элементтерімен жабықталған, бұл құқықбұзушылықтардың алдын алуға және жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Кездесу қорытындысында ведомство басшысы қауіпсіздік тек полицияның емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі екенін атап өтіп, азаматтарға белсенді азаматтық ұстанымы үшін алғыс білдірді. Салтанатты жағдайда құқық қорғау органдарына көмек көрсеткен азаматтар марапатталды. Олардың қатарында 2 сәуір күні Абай қаласында жоғалған баланы тауып, оның табылуына елеулі үлес қосқан Әділжан Дауренбеков бар. «Біздің басты мақсатымыз – Қарағанды облысының әрбір тұрғыны өзін қауіпсіз сезінуі», – деп атап өтті Нығмет Исмагулов.

жауап беріп, өз қызметтерінен нақты мысалдар келтірді. Кездесу құқық пен жауапкершілік туралы білімді бекітуге арналған интерактивті викторинамен аяқталды.

**ҚАУІПСІЗДІК – ОРТАҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІК**

Теміртау қаласында Қарағанды облысы полиция департаментінің бастығы Нығмет Исмагуловтың облыс тұрғындарына есептік кездесуі өтті. Ашық әрі мазмұнды форматта өткен жиында ведомство басшысы полиция қызметінің негізгі нәтижелерін қорытындылап, алдағы кезеңге арналған басым бағыттарды айқындап, тұрғындардың сұрақтарына жауап берді.

Кездесуді ашқан Нығмет Исмагулов ішкі істер органдары үшін басты міндет азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың өмірі мен денсаулығын, мүлкін қорғау екенін атап өтті.

– Бұл бағыттағы жұмыс Мемлекет басшысы айқындаған «Заң

12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

11 СӘУІР 2026 | СЕНБІ



«Жаңалық ашсам», «адамдарға пайда тигізсем» деген бала қиялына қанат бітірсе, олардың алмайтын қамалы жоқ. Бүкіл ғылыми жетістік мектеп қабырғасындағы оқушының білімге деген ынтасынан басталады. Қазір халықаралық олимпиадаларда топ жарып, үздіктер қатарынан көрініп жүрген білімді оқушылар саны артып келеді. Соның бірі «Ғылымдағы балалар» жобасы аясында жақында бейжіңде өткен 45-ші ғылым және технология байқауынан екі бірдей оқушымыз бірінші орынмен елге оралды.

Кейінгі жылдары білімдегі мұндай жағымды жаңалықтарды жиі естіп жүрміз. Мәселен, былтыр халықаралық олимпиадаға қатысқан әр екінші оқушы жүлдемен оралған. Сөйтіп, жалпы есепте 1 006 медаль жеңіп алып, халықаралық аренада рекордтық жылды орнатты. Ал енді тақырыбымызға тұздық болып отырған су жана олимпиада жеңімпаздарына оралайық. Олар «Алматы дарыны» орталығының оқушылары – Әмірәлі Кибаров пен Әлімжан Әділдабек. Екі өрен де 10 елдің жас ғалымдарынан оқ бойы озық шығып, жобаларын сәтті қорғап, бірінші орынға қол жеткізді. Байқау екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде жобалар байқаудың ғылыми бағыттарына, сәйкестігіне қарай іріктелді. Екінші кезеңге қатысу үшін Қазақстан, Италия, Чехия, Түркия, Малайзия, Оңтүстік Африка, Нигерия, Тайланд және Ресей командалары, сондай-ақ Қытай бойынша мектеп оқушыларының ең үздік ғылыми жобалары іріктелді. Әмірәлі химия санаты бойынша жеңімпаз атанса, Әлімжан ботаника (тірші-

менің материалым коммерциялық YP80F материалымен салыстырғанда жоғары көрсеткіштер көрсетті, бұл оның болашақта қолданылуы аса маңызды. Жоба барысында күріш қауызынан гибриді суперконденсаторларға арналған көміртекті материал әзірлей алдым. Оның басты артықшылығы – өндірісінің арзандығы, себебі ол қалдықтан жасалады. Мен үшін бұл – маңызды ғылыми нәтиже, өйткені жоба практикалық пайда мен ресурстарды тиімді пайдалану идеясын ұштастырады.

Болашақта дәрігер болуды армандаймын. Әсіресе стоматология саласы, оның ішінде имплантология бағыты ерекше қызықтырады. Мен адамдарды емдеп қана қой-

май, олардың өмір сапасын жақсартуға, денсаулығын, сенімін және күлкісін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік беретін мамандықты таңдағым келеді. Бұл мен үшін жай ғана кәсіп емес, үздіксіз дамуға және қоғамға пайда тигізуге жол ашатын өмірлік бағыт», – деді ол.

Беделді байқауға балаларды «Ғылымдағы балалар» – «Дети в науке» жобасының негізін қалаушы, педагог-ғалым Ләззат Абайқызы алып барған.

«Ұшақта келе жатқанда оқушылар менен бұл марапаттың Қазақстанда қандай маңызы бар екенін сұрады. Олар грант иегері бола ала ма немесе «Болашақ» шәкіртакысына үміткер бола ма, қызықтыратын сұрақтары – осы. Бұл сұрақты жыл сайын халықаралық ғылыми жарыстардың жеңімпаздары да қояды. Бірақ жауап әлі жоқ. Ғылыми кадр жетіспейді деп академия ылғи айтады. Ертенгі ғалымдар қазір мектеп қабырғасында отыр емес пе?!», – дейді Л. Абайқызы.

Әртүрлі халықаралық деңгейдегі байқауда жеңіске жететін

балалардың арасынан шығатыны анық. Осыны ескеріп, біз «Ғылымдағы балалар» жобасы аясында түрлі іс-шараны тұрақты түрде өткізіп келеміз. Соның бірі – ғылыми лагерь. Бұл лагерьге келген балалардың басым бөлігі ғылымға қызығады, болашақта ғалым болуды армандайды. Жалпы, ғылым саласындағы іс-шаралардың ішінде ғылыми сауаттылықты арттыру, ғылыми білімді кеңінен тарату және ғылымды насихаттаудың орны ерекше деп санаймын. Тек білім беріп қана қоймай, жастардың интеллектуалдық және шығармашылық еңбегін қолдап, оны құрметтей білу маңызды. Сонда ғана олар өз әлеуетін толық жүзеге асыра алады. Ғылыми сауаттылықпен бірге академиялық адалдық қағидаларын қалыптастыруға да ерекше көңіл бөлу қажет. Себебі осы екі ұстанымсыз сапалы ғылым қалыптаспайды. Ал сапалы ғылым ғана нақты нәтиже беріп, қоғамның дамуына үлес қоса алады», – дейді педагог-ғалым.

Бүгінде «Ғылымдағы балалар» жобасы қарқын алып, жыл сайын жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Тәлімгерлер әр баланың дарынын

ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІ

лік туралы ғылымдар) санатындағы жобалардың ішінде үздікке лайық болды.

– Менің жұмысым жабайы орхидеяларды зерттеуге және оларды дұрыс көшіріп отырғызу арқылы жақсы жерсіндіру жолдарын анықтауға арналған. Зерттеу жұмысына шамамен 2 жыл уақыт жұмсадым. Жұмыс барысында кәдімгі көшіріп отырғызу кезінде саңырауқұлақ жіпшелерін (микориза) қолдану арқылы өсімдіктердің 100% тіршілік етуіне қол жеткізуге болатынын дәлелдедім. Болашақта биотехнолог мамандығында білім алып, өсімдіктер негізінде медициналық препараттар әзірлеумен айналысуды жоспарлап отырмын, – дейді Әлімжан.

Болашақта дәрігер болуды армандайтын Әмірәлі Кибаров бұл байқауға шамамен алты айға жуық дайындалған. Оның ғылыми жобасы гибриді суперконденсаторларға арналған көміртекті материал жасауға бағытталған.

«Қарапайым тілмен айтқанда, энергияны жинақтап, сақтауға тиімді материал әзірлеумен айналыстым. Жобамның ерекшелігі – бұл материалды күріш қауызынан, яғни қарапайым ауыл шаруашылығы қалдығынан алуым. Бұл әзірлемені тек ғылыми тұрғыдан қызықты етіп қана қоймай, сонымен қатар практикалық тұрғыдан да тиімді етеді, өйткені ол қолжетімді әрі арзан шикізатқа негізделген. Зерттеу нәтижесінде



Мәселен, былтыр халықаралық олимпиадаға қатысқан әр екінші оқушы жүлдемен оралған. Сөйтіп, жалпы есепте 1 006 медаль жеңіп алып, халықаралық аренада рекордтық жылды орнатты.

болашақ ғалымдарды дайындайтын жобаның негізі қаланғанына 10 жылға жуық уақыт болды. Негізін қалаған Ләззат Құсайынованың айтуынша, жоба ғылымды насихаттау, жастарды ғылыми салаға тарту мақсатында ғылыми білім беруді дамыту, сондай-ақ қазақстандық оқушыларды шетелдегі халықаралық конкурстарға даярлауды (Индонезия, Қытай, Оңтүстік Корея, Малайзия, Тунис және т.б.) көздейді. Және мектеп оқушыларының халықаралық ғылыми байқауларға қатысуы ұйымдастырылады.

«Болашақ ғылыми кадрлар бүгін мектеп партасында отырған

байқап, оған дұрыс бағыт сілтеуге ерекше мән береді. Биыл жоба аясында тағы бір қуанышты жаңалық бар. Енді халықаралық ғылыми байқауларда топ жарған оқушылар жоғары оқу орындарының грантына ие болып қана қоймай, ақшалай марапаттарға да қол жеткізеді. Бұл – жас зерттеушілер үшін үлкен мотивация. Әрине, «Ғылымдағы балалар» жобасындағы оқушының әрқайсысы болашақта ғалым болып кетпейтін шығар. Алайда олар алған білім мен тәжірибе кез келген салада қажет болары анық.

Сымбат БЕГІМБАЙ

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай Байыржанқызы –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баи ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4726
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,